



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№25

(857)

25 маусым

2021 жыл

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

ЖАЗДЫҢ ЖҰТЫ ЖАНҒА БАТАДЫ



Биыл Маңғыстау мен Қызылорда облысының шаруалары таяқ ұстап қалатын түрі бар. Қыста қар, көктемде жаңбыр жаумаған соң, жазда жайылымның шаңы шығып, қағырға өсетін қара жусан да қылан басын көрсетпепті. Қуаңшылық қысқан екі аймақта маусымның басында-ақ мал аштан қырыла бастады. Газетіміздің №22 санында «Мал қырылып, қуаңшылық қысып барады» деген тақырыппен материал жариялағанбыз. Онда Маңғыстаудағы ағайынның жанайқайын бердік. Аралдағы жұрттың да хәлі мүшкіл. Құмнан от түгілі, жантақ таба алмаған ірілі-ұсақты мал шетінен арам қатуда.

Осы аптада Арал ауданында төтенше жағдай жарияланатын болды. Ұлттық сараптама орталығы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, топырақтың құрамын анықтаған. Сынама нәтижесі құрғақшылықтан кепкен жердің құнарлығы 2% аспайтынын көрсетіпті Арал ауданы әкімінің орынбасары Еркін Әбішевтің айтуынша, шөптің шығымына қарай ауданды үш санатқа бөлген. Қызыл, жасыл, сары деп. Қызыл аймаққа 13 елді мекенді жатқызыпты. Өйткені жайылымдық жері 90 пайызға қурап қалған. Ал сары аймақтағы елді мекендерде 30-

40 пайыз көлемінде шөп бар. Жасыл түспен белгіленген елді мекендерде шөптің шығымдылығы жақсы. Қазір осы үш аймақтан 500 грамм топырақ алынып, сараптамаға жіберілген. Шөптің шығуына әсер ететін минералдың топырақ құрамында бар-жоғы анықталады. Е.Әбішев: «Сараптама қорытындысын төтенше жағдайлар департаментіне өткізіп, келісім аламыз. Содан кейін барып, төтенше жағдай жариялаймыз. Бұл мәселе күнделікті бақылауда», — дейді.

(Жалғасы 3-бетте)

ТАҚЫРЫПҚА ТҮЗДЫҚ

Алмасбек Садырбаев, «Шопан ата» қойшылар қауымдастығының төрағасы:

ЖЕР АСТЫ СУЫН ПАЙДАЛАН, ЖҰТАМАЙСЫҢ

Қуаңшылық Қазақстанның оңтүстік аймақтары мен Маңғыстау өңірінде жылда болатын жағдай. Тек биылғы жағдай жылдағыдан ауыр. Табиғат апатынан қашып құтыла алмайтынымыз анық. Бірақ одан шығар жол бар. Мұның бөрінің тірелер тұсы – Қазақстанның агросаясаты. Агросаясатқа келгенде, осы саланың бөлсендісі болсын, министрліктегі шенділер болсын, жергілікті өкімдіктегі ауыл шаруашылығына жауапты мамандар болсын – бөрі ауызбен орақ орады. Өтірік санды тізгенде, екі өзүі көпіріп кетеді. Ауыл шаруашылығы тақырыбындағы жиналыстарға қатысып жүрмін. Цифрға «жатып» алған шенеуніктер: «Жылына 500 млрд, 3 жылға 1,5 трлн теңге қаржыны ауыл шаруашылығына бөліп жатырмыз», – деп соғады. Жарайды, айта бер, көпіре бер. Егер солардың берген есебі анық болса, біздің ауыл шаруашылығы техникамыздың 90 пайызының тозығы жетер ме еді?

(Жалғасы 3-бетте)



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Jas qazaq газетінің өткен санында (№24, 18.06.2021 ж.) жарияланған Мәжіліс депутаты Мақпал Тәжмағамбетованың «Ойдан аңыз құрапты, кім береді жауапты?» деген тақырыппен көтерген депутаттық сауалын оқып, ұрпақ тағдырына алаңдаған азаматтық ұстанымына риза болдым. Өте өзекті тақырып. Білім саласында жүрген соң, бұл түйткілмен жақсы таныспын. Тіпті күнде алдымнан шығады десем де болады. Оқулықтағы олқылық туралы бір емес, бірнеше рет мақала жазып, мәселені шешуге шын ниетпеніп те көргем. Бірақ оңды нәтиже болмады. Себебі не?

Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан қаласы №90 гимназиясының
директоры, QAZBILIM жобаларының негізін
қалаушы:

ОҚУЛЫҚ ШЫҒАРУ – ӘЛДЕБІРЕУЛЕРДІҢ БИЗНЕСІ ЕКЕН



Мұның себебі өте көп... Тіпті өз басым мектеп оқулықтарындағы мұндай қателіктерге таң қалмайтын болғам. Ең бірінші, бұл шетелде басылып шыққан оқулық. Біздің көзі ашық зиялы қауым мен педагог мамандар оқулықтың кемшілігін, яғни салдарын ғана айтып жүр. Одан ешнәрсе өзгермейді. Айтқанға, жазғанға өзгерсе, осы уақытқа дейін бір жағына шығар еді. Өзгермейді. Оқулық жазудың жүйесі өзгермесе, оқулықтағы қателікпен күрес Дон Кихоттың жел диірменімен күресі сияқты бос әңгіме болып қала береді.

«Сонда оқулық жазудың жүйесі қалай болу керек?» деген заңды сауал тұмай ма? Оқулық жазудың жүйесі дегенде, баспаларда оқулық жазатын құқық болмауы керек. Олар – оқулықты басып шығаратын техникалық мамандар. Баспада одан артық функция болмайды. Оқулық жазу автордың екінші, үшінші жұмысы болмауы, яғни бірінші жұмысы болуы – басты талап! Автордың шығармашылығына баспаның ешқандай құқығы жүрмеуі керек. Қайталап айтамын, баспа оқулық жазбауы тиіс. Оқулық жазу белгілі бір мекеменің құзіретіндегі жұмыс болуы шарт. Оқулықты жеке адам емес, бір топ маман жазуы керек. Ол топтың құрамында әртүрлі мамандық өкілі болады. Оқулық жазудың жүйесі осылай өзгермесе, оқулықтағы қателіктен ешқашан құтылмаймыз.

Оқулық бәсекелестік ортаға шығаратын, нарыққа дайындайтын тауар емес. Оқулық мемлекеттің идеологиялық бағытындағы басты көмекші құралы. Өкінішке қарай, мектептердегі оқулық идеологиялық құрал қызметін атқарып отырған жоқ. Бұған Қазақстан Президенті өзі араласпаса, ешкімнің күші жетпейді. Оқулық шығаруды жекеменшігіне айналдырып алған баспалардың артында кімдердің тұрғанын мектептер де, министрлік те жақсы біледі.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

РУҒА ТАРТСАҚ, ЕСКЕРТКІШ ТЕ, САЯБАҚ ТА БОЛМАЙДЫ

Бұрын-соңды біздің облыс аумағында қолға алынбаған мұндай ғажайып ескерткіш пен ауқымды мәдени демалыс саябағы Баянауылға орнатылуы керек пе, әлде қажеті жоқ па? Әрине, керек!

Павлодар қаласына алыс-жақыннан келген туристердің, мәртебелі меймандардың, қарапайым жолаушылардың бір мақсаты – ұлылардың мекені Баянауылға барып, көрнекі орындарын тамашалау, табиғат аясында демалу. Барлығының өуелі ат басын тірейтін жері – аудан орталығы. Онда өйгілі жерлесіміз, актер, режиссер Шәкен Аймановтың мүсіні мен академик Қаныш Сәтбаев мемориалдық музейінен басқа қонақтарға ұялмай көрсететіндей нәңдей мәдени нысан бар? Ендеше орталықта Олжабай мен Жасыбай батырларға ескерткіш орнатылып, айналасына саябақ салынса, несі сәкет?

(Бұл туралы
5-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
427

EURO
512,4

РУБЛЬ
5,9

OIL



COVID-19

Осы аптада көктемнен бері Үндістанды жайпаған «дельта-штамның» бізге де келіп жеткені жария етілді. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой үнді штамы анағұрлым қауіпті екенін, аймақтарға сақадай-сай отыру керек екенін ескертті. Дәрі-дәрмек қоры, жеке қорғаныс құралдары, резервтегі төсек қоры жеткілікті, жедел жәрдем және мобильді бригадалар көмек көрсетуге дайын болуы тиіс.

«Бізде де осындай қатаң шара керек-ау» деп ойлап үлгергеніміз сол еді... Аптаның басында премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов пен денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың қатысуымен коронавирустың таралуына жол бермеу жөніндегі Мекемеаралық комиссияның көшпелі жиыны өтті. Онда ел ішіндегі, сондай-ақ Нұр-Сұлтандағы эпидемиологиялық ахуал талқыланды. Қазір Нұр-Сұлтанда КВИ-мен ауырғандар саны 43 пайызға жетті. Ауруханаға жатқызылған наукас саны артты. Басқосуда айтылғандай, қаладағы медицина мекемелерінде эпидемияға қарсы режимді өрескел

тұралап қалады. Кедей елдер алақан жайып, вакцина сұрауға мәжбүр. ДСҰ жетекшілігімен әлем бойынша 231 елге 90 млн доза жеткізілді. Ал бізде вакцина жеткілікті. Тандау да бар. Әйтсе де, кері кетушілер көп. Күн сайын жанаратын фейк-акпарат, жұрт арасындағы алыпқашпа сөз де кесірін тигізуде. Ақпаннан бері 2,8 млн адам бір мәрте, 1,7 млн адам екі мәрте екпе жасатты. Әзірге елдегі ахуал тұрақты болғанымен, көрші мемлекеттерде жағдай ушығып тұр. Былтырғыдай емес, шетелге жол ашық. Жаппай вакциналау жүргізілмесе, жағдай мүшкілденетін түрі



ТАЖАЛҒА ҚАРСЫ ТОСҚАУЫЛ

Дельта-штамм ковидтің өзге түрлеріне қарағанда 60 пайызға жұқпалы, инкубациялық кезені қысқа – 7 күнге дейін. Бүгінге дейін осы SARS-CoV-2 вирусы 74 елде анықталған. Тәжтажал «мың құбылып», тықсырып барады. Ал адамдар бейқам, вакцина салдыруға асығар емес. Содан да болар, Филиппиндер президенті Родриго Дутерте коронавирусқа қарсы вакцинадан бас тартқандарға док көрсетті. «Сендер сияқты зиянкестердің кесірінен жағдай ушыға түсті» деген Дутерте кімді де болса өзі ұстап алып, екпе жасайтынын мәлімдеді. Вирус билеп-төстеп, халқы қырылып жатқанда осылай демеске лажы қалмағандай.

бұзушылық анықталған. Ковид жұқтырғандарға дер кезінде әрі сапалы көмек берілмей, мониторинг топтарының жұмысы бәсеңдеген. Мамыр айымен салыстырғанда вакциналау 50 пайызға төмен. Мұның бәрі – босансудың салдары. Вице-премьер Ералы Тоғжанов осы олқылықтарды тез арада түзеуді қала әкімдігіне тапсырды. Әрмен қарай мәселені комиссия өз бақылауында ұстайды. Пандемия басталғалы бір жылдан аса уақыт өтті, ал ковидті ауыздықтауға адамзаттың шамасы келер емес. Оны еңсерудің бірден-бір жолы – жаппай вакциналау десе, ол науқан қайта-қайта

бар. Содан болар, сәрсенбі күні өткен брифингте жана талаптар жария етілді. Бұдан былай қызмет көрсету саласында жұмыс істейтіндер екпе жасатпаса, жеті күнде бір ПТР тапсырады. Ковидпен ауырғандарға үш айға дейін ПТР тапсырмауға болады. Медициналық қарсы көрсетілімі бар адамға вакцина егілмейді. Бірақ денсаулық сақтау министрінің айтуынша, олардың саны 1 пайыздан аспайды. Жұрттың денсаулығына қауіп төніп тұрғанда, осындай қатаң шараға барған дұрыс. Уақыт көрсеткендей, тәжтажал босансуды көтермейді.

Гүлнар АХМЕТОВА

Аптаның алаңы



Берік БЕКЖАНОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Агроөнеркәсіпті дамыту үшін субсидия алуға шаруалар Qoldau.kz платформасына жүгінеді. Диқандар «Qoldau емес, «қорлауға» тап болдық» дейді. Өйткені платформа ақылы негізде жұмыс істейді және қызмет құны алынған субсидия сомасына байланысты. Бізге және шаруаларға қызметтің құны неге субсидия көлеміне байланысты екені түсініксіз. Өйткені мұнда тек өтінім беру рәсімделеді. Оның өзі автоматты түрде жасалады. Биыл осы қызметті алушылардың саны 218 мың адамға жетіпті. Осыны ескерсек, цифрлық платформаның қанша табыс тапқанын есептеу қиын емес! Диқандар дала жұмысын атқарудың орнына таң атқаннан күн батқанға дейін компьютерге үңіліп, «тарыдай шашылған» электронды порталдың «қулығын» түсінуге және онымен ақылы негізде жұмыс істеуге мәжбүр».

Сөз-Жебе

Бердібек САПАРБАЕВ,
Жамбыл облысының әкімі:

«Меніңше, әкімдер жағдайды білмейді. Олардың кемшілігі – аяғымен жүрмейді, көзбен көрмейді»




Кесте

КАРАНТИН ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАҢДАР

(1 қаңтар – 19 маусым аралығы)

655859 нысан	тексерілді
17000 мың адам	карантин талабын сақтамады
315 материал	сотқа берілді
84 нысан	жұмысын тоқтатты
9,9 мың шағын және орта бизнес орталығына	айыппұл салынды
7,1 жеке тұлғаға	айыппұл салынды
Барлығы 1,3 млрд теңге	айыппұл төленді

ЕРЕЖЕНІ ЕҢ КӨП БҰЗҒАН	
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ	
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ	



Дереккөзі: Санитарлық эпидемиологиялық бақылау комитеті

Жазылған жайдың жаңғырығы

(Басы 1-бетте)

ОҚУЛЫҚ ШЫҒАРУ – ӘЛДЕБІРЕУЛЕРДІҢ БИЗНЕСІ ЕКЕН

Баспалардан оқулық шығару құқығын жұлып алып, «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығына немесе Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына беруге министрліктің де, басқалардың да шамасы келмейді. Егер маған оқулық жаз десе, комиссия құратын едім. Мысалы, химия пәнінен оқулық дайындайтын болсам, химиктерден бөлек, комиссия құрамына психологты, қазақ тіл әдебиеті пәнінің маманын, корректор, редактор, дизайнер – бәрін шақыратын едім. Қолдың бес саласындай жұмылғанда ғана сапалы оқулық шығаруға болады. Кемінде бір оқулықты жазуға 15 адамды жұмылдыратын құқық берілсе, онда сапалы, жаксы оқулық дайындауға болады. Әйтпесе, оқулыққа жүрдім-бардым қарауға, ойдан-қырдан қашқан біреуге баланың тағдырын сеніп тапсыруға болмайды.

Қазақстандағы кез келген мектеп сараптамадан өткен 2-3 оқулықтың ішінен біреуін тандап алады. Үшеуінен де бас тартуға біздің құқығымыз жоқ. Содан кейін, бір пәннен екі баспаның оқулығы болса, екеуіндегі бағдарлама жалпы жағынан бірдей. Авторлары басқа болғанымен, ауыз толтырып айтарлықтай бір-бірінен ерекшеленетін ештеңе жоқ. Бәрі бір диірменнің ұны. Депутат көтерген ағылшын тілі пәнінің оқулығы министрліктің сараптамасынан өткен оқулық. Анығырақ айтқанда, өткізген оқулық. Бұрын оқулықтағы осындай олқылықты көргенде жаным ауыратын. Қазір көзім үйренді. Қалыпты дүние ретінде қабылдайтын болдым. Дәл осы тақырыппен бірнеше жылдың алдында үлкен қызметтегі бір кісімен сөйлескенмін. Сонда әлгі көкеміз: «Бауырым, көтере алмайтын шоқпарды беліне байлама», – депі. Содан кейін ғана оқулық шығару әлдебіреулердің бизнесі, әлдебіреулердің жұмысы екенін түсіндім. Сондықтан балаға білім ғана емес, дұрыс тәрбие беретін толыққанды, сапалы оқулық жазуға, шығаруға ешкім құлықты емес. Шамасы жетпейтінін бәрі біледі.

Мұғалім ретінде айтайын, өз басым оқулықтағы бағдарламаның 30 пайызын ғана пайдаланамын. Қалған 70 пайыз білімді балаға басқа арнадан алып беремін. Оқушылар үшін күнделікті тапсырманы орындап келу түк те қиын емес қазір. Интернет бар, басқа бар дегендей.

Оқулық жазып жүрген авторлардың бәрін болмаса да, біразын танимын. Көбі жасы 70-80-нен асқан профессорлар. Олардың ішінде мектепте сабақ бергені бар, мектеп көрмегені бар. Мәселе олардың кім екендігінде емес. Тағы да қайталап айтамын, толғақты түйін – оқулық жазудың жүйесінде. Мен QAZBILIM орталығында 70-80 түрлі оқу әдістемелік құрал шығардым. Соның бәрінде біз өзімізді «Құрастырушы» деп бердік. Өйткені оқулық жазу бір-екі адамның шаруасы емес. Біз автор емеспіз, құрастырушымыз. Оқулық шығарып отырған баспалар осыны да түсінбейді.

Жазып алған
Жарас КЕМЕЛЖАН

Аптаның айтары



«ТІЛ МӘРТЕБЕСІ ЕЛ МӘРТЕБЕСІ» ДЕМЕКШІ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ЕЛ ХАЛҚЫН БІРІКІРЕТІН, ОРТАҚ ІСТЕРГЕ ЖҰМЫЛДЫРАТЫН, ЕЛГЕ ДЕГЕН ПЕРЗЕНТТІК ЫҚЫЛАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН БІРДЕН-БІР ҚҰРАЛ. БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕГЕН ХАЛЫҚ БІРІГЕ АЛМАЙДЫ, ӨЗДЕРІН БІР ШАҢЫРАҚТЫҢ МҮШЕСІМІН ДЕП ТЕ СЕЗІНЕ АЛМАЙДЫ. СОНЫДЫҚТАН ДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БАСА НАЗАР АУДАРЫЛСА, НҰР ҮСТІНЕ НҰР БОЛАРЫ АНЫҚ. БҰЛ – ПАТРИОТИЗМДІ ДАМУЫДУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІЗ».

Фахриддин ҚАРАТАЕВ,
Мәжіліс депутаты



Деп салды!

Жандарбек БЕКШИН,
Алматының бас санитарлық дәрігері:

«Бүгінгі күні локдаун енгізу туралы мәселе жоқ. Бір ғана жөйт (Алматы тұрғынынан үнді штамының табылуы – ред.), ал сіздер локдаун туралы айтасыздар».



Мазасыз мүйіс ға

(Басы 1-бетте)

Қызылорда өңірінің жергілікті журналисі Ержан Қожас жаздағы жұтты, аштықтан малы қырылып жатқан ауылдарды аралап, Jas qazaq газетіне арнайы жолсапар жазды.

АРАЛДА МАЛ ҚЫРЫЛДЫ

Танертен Аралдан шыққан ақ «Нива» бір тынбады. Өзі де сәлден соң ұзақ жолды ауырсынғандай жүйкеге тиер сырыл қосты. Жолсерік жігіт газды ышқынта басса да, «бар қауқарым осы» дегендей жүрісін өндітпеді. Ал менде — кешке дейін Сырдағы қуаңшылық қысқан ауылдарды аралап үлгерем бе деген уайым. Азанмен Сапақ, Аралқұм, Қамыстыбас ауылының үстімен өткенбіз. Ұлы жолдың екі жағы көк атаулыдан биыл жүрдай. «Бұл байғұстар не тауып жүр екен» деп кездескен төрт түліктің бәріне жабырқай қарайсын. Әсіресе, түйе көп мұнда. Жерден бірдене шалып жеген болады. Былтыр ғана бес жасар баладай



айналдырам деген ой ғой. Басқа амал не?!» — дейді. Қырдағы көп ауыл қолдағы малына жем-шөп таппай қиналуда. Мысалы,

КӨТЕРЕМ МАЛ КӨП

Қазір Аралдағы ауыл әкімдері шөпке тапсырыс беру жұмысымен

ЖАЗДЫҢ ЖҰТЫ
ЖАНҒА БАТАДЫ



көрінген бұлардың қос өркеші қазір тым жұқа. Өлі жүні биыл түспейтін секілді... Қамыстыбастағы теміржол өткелінен өткенде бір үйір жылқы ұшырасты. Мен де үйір деп жұмсарта салдым-ау, әйтпесе, мұндағы Қамбар ата тұқымының қатары селдір. Апырмай, үйірге ерген құлын аз екен-ау. Үш-ақ төл. Тірсегі майыса қалтырайды. Қалтырамай қайтсін, биеде сүт жоқ. Әлсін-әлсін енесінің бауырын тұрткенмен, езуі көбіктенбейтінін құлыншақ қайдан білер?! Әсіресе, шеткері тұрған қасқа құлынның қимылы әлсіз. Көкке тойып, ойнақ салар оның «балалығы» жұтандық арасында жүр.

481 БАС МАЛ ӨЛГЕН

Қуаңшылық кесірінен қырылған малдың дерегін көрсетер цифрға әлсін-әлсін қараймыз. Қорек іздеп, тартылған көл мен дария жиегіндегі қалың батпаққа батқан біздегі шығын дәл осындай ма?! Токтай тұрыңыз, елді мекендерді аралауда бұдан көп шығын барын жергілікті тұрғындардың өзі-ақ айтып берер еді. Бірақ жоғарыдағы есепті түгендеп алсақ қайтеді?! Жакында ғана Аралға қарасты кент және ауылдық округ әкімдерінің мәліметімен өлген малдың есебі шығарылған. 321 бас жылқы, 159 сиыр, бір түйе. Осыларды қоссаңыз, тақырыптағы сан шыға қояды. Ойдан алмағанымызға осы дәлел. Ал мал өлімінің бұдан да көп болуы мүмкін деген күдігімізді ауылдағы ағайынның өзі растап берді. Жанақұрылыс ауылының тұрғындары: «Биыл қар болмады, жанбыр да жаумады. Бұрынғы ата-баба дәстүрімен тасаттық та берілді. Халық судан, мал оттан тарықса, алдағы он жылда мұнда ел қалмауы да мүмкін. Үдере көшіп, қолдағы барын аз пұлға сатады. Сата алса, жақсы ғой. Қазір ауылда козылы қой, не бұзаулы сиырын өткізе алмай жүрген адам көп. Құр өлтіріп алғаннан, аз болса да ақшаға

Құланды, Беларан, Мергенсай ауылдық округтерінде жылқы, сиыр және қойды нарықтағыдан төмен бағада сатып жатқанын естідік. Онда да алушы аз. Ал жұтаған малдың өлексесі ең далада шашылып жатыр. Жанақұрылыс ауылындағы «Қожағұл ата» шаруа қожалығының төрағасы Елнұр Елшекенов: «Өзімнің шаруашылығымдағы малдың өлімі жетерлік. 150 бастан астам жылқы шығыны бар. Қыста қар жоқ. Одан қалды, бізде қара суық бар. Жүдеу малдың өкпесі зақымданса, белгілі ғой. Өкпесіне су толған жылқы кешегі ыстықта өз-өзінен құлады. Соңғы күні өлген бес-алты байталдың жағдайы дәл осындай. Өкпесі суға толған. Ал 50-60 бас сиыр, 40 шақты бұзаудың өлімі жұрттағыдай. Жүдеу мал өзінің тамағын таппай жүргенде, төлін қайдан асырайды?! Балшыққа батып, қонын жимай кеткен мал бұл ауылда жетерлік», — деді күйініп.

Әр ауылдағы жауаптылар әлі де өлген малдың санын дұрыс жүргізбейтіндей көрінеді бізге. Өйткені елді мекендерден сұрастырғанымыздай, төрт түліктің шығынын есептегенімізде олар көрсеткен жоғарыдағы цифрлан асып кетті. Екінші жағынан, көбі қорасындағы малын есепке қоймайды немесе тіркеуден шығармайды. Шығынның нақты санын дүдәмал күйге түсіретіні де осы.

Жанақұрылыс ауылындағы ветеринарлық пункт меңгерушісі Солдатбай Түрікпенов: «Бір ғана



Бекбауыл ауылдық округіне Құмбазар, Үкілісай сияқты елді мекендер кіреді. 10 мыңдай төрт түлік бар мұнда. Ауданда мал шығыны бойынша біздің округ алда тұр. 64 сиыр, 47 жылқы өлексесін тіркедік. Мұның ішінде шаруа қожалығының да, жеке адамның да малы бар. Барлығын әктілеп, есебін бердік», — деп түсіндірді.

шапқылап жүр. Жакында ғана Қамбаш пен Аманөткел ауылында шөп сату жәрменкесі өткен. Жоңышканың бір бумасы 1000 теңгеден сатылды. Қымбат болса да, қолындағы қарасын сақтап қалуға ұмтылады жұрт. Тіпті қалтасы көтермегендер 5-10 түйір ғана сатып алған. Ал Аманөткел ауылдық округінің әкімі Қайрат Әбдірамановтың сөзіне сенсек, ауылдың айналасындағы көлшік атаулының барлығы тартылып қалыпты. Ол: «Біздің ауылдың өзінен 46 бас жылқы, 35 бас сиыр көтерем болып өлді. Бұл тіркеуде тұрғандары ғана. Ал негізгі көрсеткіш бұдан да көп болуы мүмкін. Дұрысы, су жағалап, балшыққа батқан мал көп. Тартылған көлдің ұлтанынан кері шыға алмайды. Қыстан әлсіз шыққан мал бұл манайдан не тауып жейді?! Айналасының бәрі ай тақыр», — деп ауылдың жайына күйінеді.

«ҚЫЗҒАНШАҚ» ҚОЖАЛЫҚТАР

Бұлай деуіміздің себебі бар. Қазір көп ауыл манайындағы жайылымдық жердің көбі осындай қожалықтардың қарамағында. Жайылым жері мен көлі бар мұндай аймаққа жеке тұрғындардың малы аттап баспайды. Дұрысы, бастырмайды. Өйткені олар жерді ұзақ мерзімге жалға алған. Әрі мынадай қиындықта оның өз малына су да, шабындық шөп те жетпеуі мүмкін. Амал жоқ, тарылуға, яғни «қызғануға» тура келеді.

Қаратерен ауылының ақсакалы Мінәжат Биманов: «Олар мемлекетке белгілі салығын төлеп отырған соң, жерін сақтауға тырысады, бірақ бұл жерде екінші мәселе бар. Ол ауыл адамдарының азын-аулақ түлігі қайда барып жайылады деген сұрақ. Көп ауылға қиындық тудырып жүрген мәселе — осы. Бірақ біздегі шаруашылықтармен ауыл әкімі сөйлесіп, шөп шабуға, қыстық мал азығын алуға өзара келісіп отыр. Сосын мына ауыл маңына «Барсақелмес» мемлекеттік қорығының шекарасы такалып тұр. Оған мал да кіргізе алмайсың, отын да шаба алмайсың. Ауыл маңында жайылымға тарлық ететін осындай мәселелер бар», — деді мәселенің көлеңкелі жағын ашып.

Қаратеренде 300-ден аса үй болса, 4 мың бас ірілі-уақты мал бар. Ауыл маңындағы «Жыланды» мен «Ақкөл» каналдары әбден бітелген. Дариядан бастау алатын өзекегі су суармалы жерге жылымшылап әзер барып тұр. Ел ішіне кірмес бұрын аудандық әкімдікке аялдағанбыз. Аралаға басшы болғалы ай толмаған Серік Сермағамбетовтің дәл қазір жайбарақат отыратын уақыты жоқ секілді. Қолы сәл қалт еткенде кездесіп үлгердік. Аудан әкімі: «Біздегі негізгі кәсіп — мал шаруашылығы. Статистикалық есепте 931-ден аса шаруа қожалық болса, оның 700-ден астамы мал шаруашылығына тиесілі. Биылғы қуаңшылық аудандағы ауыл шаруашылығы саласын дамытуға кері әсерін тигізіп отыр», — деді жүре сөйлеп.

«Кәсіп аш, мал өсір, өнімін сат» деп айтармыз-ау. Бірақ қуаңшылық бұған деген ықыласынды төмендетіп тұр. Неге? Күні кешеге дейін кәсіпкерлік арқылы несие алып, 10-15 жылқы, сиырмен тірлігін бастаған кейбір тұрғындар «енді қайтеміз?» деп дағдарады. Шөптің бағасы тым асқақтап тұр. Ал жемнің нарқы одан да қымбат. Дәл қазіргі уақытта Аралдағы төрт түлікке 7 жарым мың тоннадан астам шөп керек. Бұған қоса, 64 мың тонна жем қоры жиналуы тиіс.

...Ақ «Нива» кері қайтты. Сағат кешкі жеті болса да, мұндағы аптап қайта қоймаған. Қуаңшылық кеулеп тұр. Қасқа құлынның халі қалай болар екен?!

Ержан ҚОЖАС,
Арал ауданы
Қызылорда облысы

Тақырыпқа
тұздық

(Басы 1-бетте)

«Қыстың қамын жаз ойла» деген. Бірақ қазақ шаруаларының 95 пайызында дәл қазір жем-шөп жоқ. 5 пайызы ғана қысқа дайын. Ветеринария жағынан да дайындығымыз кемшін. Мұның бәрінен қаражат шешеді. Ақша бөлінбесе, шаруа малдың қамын ауадан жасамайды. «Мал шаруашылығына бөлініп жатыр» деген қаржы — қазақша айтқанда, жұғынды ғана. 500 млрд теңге емес, жылына 5 трлн

Алмасбек Садырбаев, «Шопан ата»
қойшылар қауымдастығының төрағасы:

ЖЕР АСТЫ СУЫН
ПАЙДАЛАН,
ЖҰТАМАЙСЫҢ



теңге бөлінуі керек. Сөйтіп ауыл шаруашылығының бетін бері қаратпасақ, ауыл жері бос қалады. Бос жатқан жер жау шақырады. Оның үстіне, халықтың ауылдан қалаға көшу үрдісі артпаса, кеміп отырған жоқ.

Егер қаражат бөлінсе, орта жолдан ұрлап-жымқырмаса, қазақтың шаруасы жер астынан қара су шығара алмай ма? Жер жаралғалы мал бағып келе жатқан қазақтың миы су көзін табуға жетпей ме? Ауыл шаруашылығына бөлінген қаржыға қитұрқы саясат жүрмейді. Ақша беруге келгенде қарапайым шаруа өте алмайды да, билік жағалаған, әкім-қарамен тамыр-таныстығы бар, депутат-министрлердің құда-жекжаты оп-онай өтіп кетеді. Бұл не деген сөз? Бұл дұрыс агросаясаттың жоқтығы. Қазақ шаруаларының дәл қазіргі жағдайы «Аспаннан киіз жауса да, құлға ұлтарак бұйырмайдының» кері. Субсидия, жеңілдетілген несие, қайтарымызсыз ақша — бәрін солар алады. Ал ауылда мал бағып отырған нағыз шопанға шұлық та жоқ.

Көрші Өзбекстанның жері біздің Қазақстаннан да ыстық, қағыр. Бірақ солардың қуаңшылықтан қырылып қалдық дегенін ешкім естіген жоқ. Неге? Өйткені олар жер игеру, жер суару, суармалы жерді көбейту жағынан бізден көш ілгері кетіп қалған. Өзбекстан үкіметі мал бағамын деген шаруаға 4 пайызбен несие беріп отыр. Қысқасы, мал бағудың бүгінгі күнге сай жана технологиясына келгенде, өзбектер бізден егті. Ал қора-қора қой, үйір жылқы, табын сиыр айдаған, ата-бабамыз мал баққан біз қуаңшылықтан қысылып, малымыз шілінгір шілдеде көтерем болып, қырылып жатыр. Жуырда ғана бір жиналыс болды. Көрші елдерден фермерлер келіпті. Бір өзбек жігітпен қатар отырып қалдым. Содан өзімнің шаруашылығым туралы әңгіме қозғап,



американдықтар айтып жүрген «1 гектар жерге 30 қой бағуға бола ма?» деген дүниелерді айттым. Сөйтсем, ана жігіт еш тандапбайды. «1 гектарға 30 қой бағу деген бізде «норма» ғой. Суын шығарамыз, шөп егеміз», — дейді жай ғана. Оларда тамшылатып суғару әлдеқашан жалпыласыпты. Қысқасы, қауын еккен өзбек мал бағудан қазақтан озып тұр.

Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына қарайтын арықтардан жылына бір Кіші Аралдың суы құрып кетеді екен. Өйткені арықтың тозығы жеткен, шұрық-тесік. Су барар жеріне жетпей құмға сінеді. Құдай қазақтың маңдайына ұлан-ғайыр жерді қалай берсе, суды да солай мол берген. Қазақстанның жер үсті, жер асты су қоры өте көп. Оны ғалымдар айтып-жазып жүр. Бар суды неге көдеге жарата алмаймыз? Су — тіршілік нәрі. Су болса, шөптің алуан түрін егуге болады. Маңғыстауда да, Қызылорда облысында да арқырап аққан асау өзен болмағанымен, жер астында жөнкілген дария ағады. Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» деген әңгімесінде құдықшы жер асты суынан көз жұмып, шелегі Каспийден табылмай ма. Сол Каспий мен Арал сияқты теңіздің маңында жер асты суының мол қоры болуы — табиғаттың зандылығы. Оны біз ғана емес, ғалымдар айтады. Маңғыстау даласында тереңдігі 6 шақырым шыңырауда әлемдегі ең таза, минералды, шипалы өзен бар. Каспийдің астында арнасы бөлек, ыстық су ағады. Қалталы жігіттер сол суды шығарып, шипажай салғалы жатыр. Сондықтан бізде су жоқ деген бос әңгіме. Мәселе, агросаясаттың дұрыс жүргізілмеуінде. Шаруаға суы мол құдық қазу үшін қомақты қаражат қажет. Оны алу үшін үкіметке телміреміз.

Мен көпжылдық шөп ектім. Мысалы, «реграс» деген шөптің бір тұқымы ерте көктемде, екіншісі жаздың ортасында, үшіншісі қарақұзде көктейді екен. Маусымдық шөп қой. Одан бөлек, тимофеевка, овсяница, клевер деген шөп тұқымдарын салдым. Суды 25-30 метр тереңнен ұңғып, өз қаражатыма шығардым. Негізінде мемлекеттен су шығару үшін де субсидия қарастырылған. Бірақ оны алудың әңгімесі көп. Қыл-қызыл құмға асқабақ салдым. Қошқарға өте құнарлы тағам. Шөп болсын, асқабақ болсын, бәрін жер асты суымен тамшылатып суғарып отырмын.

Қазір малды да білімді адам бағады. Бұрынғы заманның шопандары сияқты қойдың артынан салпақтап жүретін дәуір өтті. Мысалы, мен шөп еккенде, жайылымды қоршағанда жұрт не айтпады? Әлеуметтік желіде мені еріккен біреуге тенеңді, ақшасы көп адамның тірлігі деді. Егер бүгінгі фермер білімді болмаса, жер астындағы қара су түгілі, жер үстіндегі қара жусанға жарымайды. Бүгінгі фермер ауыл шаруашылығына арналған жана технологияларды танып-білуі керек. Жем-шөп дайындауға, мал тұқымын асылдандыруға, қандай мал өсіруге, малын қалай жақсы бағаға сатуға дейін білім қажет. Бұл — бүгінгі күннің уақыт талабы.

Жазып алған Жарас КЕМЕЛЖАН



Өлген малды өртеуден басқа шара жоқ

Сұхбат

Әлеуметтанушылардың пікірінше, Тәуелсіздік алған жылдары дүниеге келген жастар әлеуметтану саласында ішінара X,У және Z буындарына жіктеледі екен. Егемендік дәуірі қарлығаштарының алды 31-ге таяды. Бұл кезеңде жастар білім алып, тәжірибе жинақтап, еңбекке белсене араласып кеткен. Бүгінгі жастар қандай идеялармен «ауырады»? Олар қандай құндылықтарды мойындап, не үшін алаңдайды? Сұрақ көп. Жалпы жастардың мінез-құлқының қалыптасуында психологиялық қызметтің мәні айрықша. Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де жаңа ғасыр жастарының психологиялық ахуалын зерттеп, зерделеп, жан-жақты көмек көрсетумен айналысатын бөлім бар. Психологиялық көмек және күйзелістің алдын алу бөлімінің басшысы Нұргүл Намұратовамен жастар тақырыбы төңірегінде арнайы сұхбаттастық.

Жас qazaq: Нұргүл Абылханқызы, жастардың мәселесі қашанда өзекті. Олардың түйткілдері де жетерлік. Оны шешу үшін орталықта түрлі жобалар қолға алынған. Психологиялық көмек көрсететін қандай жобаларыңыз бар?

Н.Намұратова: Жастар мен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу бағыты бойынша «Бакытты мекен» жобасы бар. Девиантты мінез-құлықтың алды алу және өз-өзіне қол жұмсау (*суицид*) деңгейін азайту мақсатында жоғары және орта арнаулы оқу орындарының психолог мамандарымен бірлесіп, топтық жұмыс жүргізіп жатырмыз. Жүргізілген психологиялық әдістемелердің нәтижесі бойынша, қиын балалар анықталып, жекелеген жұмыс ұйымдастырылды. Жастар мен жасөспірімдердің ата-аналарымен байланыс орнатып, психологиялық кеңес берілді.

Сала мамандарымен жасөспірім кезеңінде кездесетін суицидалды мінез-құлықтың түрлері, себептерін анықтау, алдын алу бойынша семинар-тренинг, дөңгелек үстел, кездесу ұйымдастырып тұрамыз. «Бакытты мекен» жобасы аясында өмірлік қиын жағдайға тап болған 100 жас пен жасөспірімге жеке психологиялық көмек көрсетілді. Жеке психологиялық кеңес беру ұзақтығы бір адамға он күн аралығында бір сағат көлемнен кем болмайды. Психологиялық кеңес беру бағдарламасына орай, заманауи, тиімді құралдармен, нейролингвистикалық бағдарламалау әдістерімен жеке қабылдау болады. Баланын жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психолог арнайы дайындаған әңгімелесу, тестілеу, жеке және анасымен бірге қарым-қатынас орнату мақсатында



арнайы жаттығу, психотерапиялық жұмыс ұйымдастырылады.

Бұл жобаның мақсаты — жастар мен жасөспірімдердің өсіп, дамуына қолайлы психологиялық және әлеуметтік жағдай жасау. Келенсіз жағдай мен жат қылықтардың алдын алу, девиантты мінез-құлықтың және өз-өзіне қол жұмсау деңгейін азайту және өмірге құштарлығын арттыру. Жастар арасында психологиялық сауаттылықты, ұйымдастырушылық қабілетін, командамен жұмыс дағдыларын қалыптастыру және ой-өрісін арттыру. Өмірлік қиын жағдайға түскен жастарды әлеуметтік ортаға тарту.


Жас qazaq: Накты іс-тәжірибелеріңізге тоқталсаңыз.

Н.Намұратова: Біздің бөлімде ғылыми-практикалық жұмыс кезең-кезеңімен жүйелі жолға қойылған. Бірінші кезеңде, тәуекел тобына жататын өмірлік қиын жағдайға түскен жастарды анықтаймыз. Кабинеттік талдау және далалық зерттеулер жүргізіліп, жастар арасында аутодеструктивті тәуекел топтары анықталады. Тәуекел тобымен психологиялық көмек, ата-аналармен жұмыс жүргізу, жеке қабылдау ұйымдастыру сияқты кешенді жұмыс жүргізіледі. Жоғарыда айтып кеткенімдей, жеке психологиялық кеңес беру ұзақтығы бір адамға он күн аралығында бір сағаттан кем емес жеке қабылдау болады. Екінші кезеңде, сол анықталған тәуекел топтарына психокоррекциялық, психопрофилактикалық және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша 10 күндік семинар-практикум өткізіліп, ары қарай тәуекел топтағы жастармен жұмыс істеу жоспары жасалады. Оқыту аяқталғаннан кейін орталық тарапынан 1 жылдық сүйемелдеу қызметі тегін көрсетіледі.

Жас qazaq: Қандай психологиялық профилактикалық жұмыстар жүргізіледі?

Н.Намұратова: Жоғары және орта арнаулы, жалпы білім беретін мекемелерде семинар-тренинг, түсіндірме жұмыстары, Zoom платформасында онлайн кездесу, дөңгелек үстел, ата-аналар жиналысы, психологиялық әдістеме сала мамандарымен бірге ұйымдастырылды. Жалпы білім беретін мектептердің тәрбие үдерісінде психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалын дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау мақсатында «STOP BULLYING» акциясы тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Жастар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытып,



Нұргүл НАМҰРАТОВА:

«ЖАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ КЕРЕК»

басынан бері әлеуметтік желіге кеңес, 2 тікелей эфир, 3 онлайн кездесу, 8 семинар-тренинг, психологиялық кездесу офлайн түрде өткізілді.

Сонымен қатар жастар ресейлік және т.б. шетелдік психологтардың сайттары мен әлеуметтік желі парақшаларынан ізденіп, кеңес алуда. Менталитеті мен салт-дәстүрі қазаққа жат психолог мамандардың кеңесіне құлақ асқан жастар отбасын тастап, ажырасуға дейін барады. Осыған байланысты отандық тәжірибелі психологтармен жұмыс жүргізіліп, кеңес беру шаралары ұйымдастырылды. Атап айтатын болсақ, «Ана үйі» қоғамдық қорында «Ананың психологиялық денсаулығы» тақырыбында, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін «Самғау сенім орталығы» мамандарымен бірлесе «Шаттыққа толы жүрекпен» тақырыбында семинар тренинг өтті. Үлгілі отбасы құндылықтарын нығайту мақсатында көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға арналған пайдалы психологиялық кеңесті әлеуметтік желіге тұрақты түрде жариялап отырмыз. Тәжірибелі отбасылық психолог Алмагүл Балғабайқызымен «Өнегелі отбасы — қоғамның айнасы» тақырыбында тікелей эфир, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында дағдарыс орталықтарында арнайы позитивті көзқарас қалыптастыру және стресстің



алдын алу мақсатында әдістемелік жұмыс, арт-терапиялық жұмыс жүргізілуде. «Жаңа өмірге бір қадам» жобасы аясында «SHANYRAQ» отбасы институтын қолдау орталығында көпбалалы аналарға, аз қамтылған отбасыларға арналған балаға қандай күтім қажеттігі туралы шеберлік сағаты тұрақты ұйымдастырылуда.

Отбасылық психолог Жандира Сарсеновадан «Отбасыға арналған уақыт» тақырыбында әлеуметтік желіде ұсыныс, тәжірибелі психолог, коуч «Отбасы соты» жобасының психологы Айгүл Байжановамен «Жалқаулық неден болады?» тақырыбында тікелей эфир, балалар мен жасөспірімдер психологы, практик-психолог Светлана Адиетованың қатысуымен «Тәрбиенің ең тамаша мектебі — отбасы» тақырыбында онлайн кездесу, «Шаттыққа толы жүрекпен» тақырыбында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін «Самғау сенім орталығы» мамандарымен бірлесе семинар

тренинг, «Ана үйі» қоғамдық қорында «Ананың психологиялық денсаулығы» тақырыбында семинар-тренинг, жас отбасыларға арналған «Баланыз тым қорқақ, жасқаншақ болса...» тақырыбында әлеуметтік желіге психологиялық лайфхак, «Өмірді жоспарлау» тақырыбында онлайн түсіндіру жұмысы жүргізілді. Тәжірибелі психолог, арт-терапевт, гештальт-терапевт, «Келіндер мектебі» жобасының авторы Зоя Пирниязовамен психологиялық кездесу офлайн түрде, «Лайықты ұрпақ тәрбиелейік» тақырыптарында түсіндіру жұмысы, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін «Самғау сенім орталығында» «Қарым-қатынас — тұлғалық дамудың негізі» тақырыбында дөңгелек үстел, жалғызбасты аналар арасында позитивті көзқарас қалыптастыру және стресстің алдын алу мақсатында арт-терапиялық жұмыс тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Жыл соңына дейін «Отбасылық кеңес» жұмыс тобын құру жоспарлануда. Бүгінде Шымкент қаласының сотымен келіссөз жүргізіліп, кеңестің құрамына кіретін азаматтар іріктелуде. «Отбасылық кеңес» жұмыс тобы құрамына зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, психолог, медиатор, имам, аналар, ардагерлер кеңесінің мүшесі, дәрігер, дағдарыс орталығы қызметкерлері енеді. Кеңесте ажырасуға өтінім берген жас отбасылардың ажырасу себептеріне талдау жасалып, олардың объективті және субъективті пікірін талқылап, райынан қайтару көзделді. Нәтижесінде ажырасуға ниет білдірушілердің саны азайып, көптеген отбасыларын сақтап қаламыз деген ойдамыз.

«Жас отбасы» жобасы аясында отбасы құруға ниетті жастар мен жас отбасылар арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау бойынша практик психологтармен 32 онлайн, офлайн шаралар ұйымдастырылып, оған 800 жас қамтылды. Жоба аясында жыл соңына дейін 10 мың жас пен жас отбасыға көмек көрсетілді.

«Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жобасының аясында қалада отбасылық құндылықтарды насихаттау шаралары, көпбалалы отбасылармен жұмыс,

қолайсыз отбасыларды есепке алу, олармен арнайы жұмыс жүргізу, аз қамтылған отбасылардың проблемалық мәселелерін мониторингтелеу шаралары, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, агрессорлармен жұмыс жүруде.

БАҚ арқылы отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-ана мен бала, отбасы мүшелерімен өзара қарым-қатынасы, неке мен отбасы институтын насихаттау шаралары ұйымдастырылады. 1 телебағдарлама ашылады деп жоспарлануда.

Отбасындағы девиантты жастармен жеке жұмыс жүргізіліп, тәуекел топтарды анықтау жұмыстарын ұйымдастыру, келенсіз жағдайлар мен жат қылықтардың алдын алу бойынша 3000 жасқа психологиялық зерттеу мен тәжірибе ұйымдастырылады.

Жас qazaq: Сөзіңіз аузыңызда, келенсіз жат қылықтарды қайтсеқ болдырмаймыз?

Н.Намұратова: Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен 2021 жылдың 8-16 маусым күндері аралығында «Келенсіз жағдайлар мен жат қылықтардың алдын алу» бағытында жастар мен жасөспірімдерге арналған семинар-тренинг өтті.

Жастар мен жасөспірімдердің психологиялық сауаттылығын, өмірге деген қызығушылығын арттыру, келенсіз жағдайлармен жат қылықтарды алдын алу, көшбасшылыққа тәрбиелеу — мақсатымыз.

Жастар мен жасөспірімдердің психологиялық сауаттылығының деңгейін көтеру маңызды рөл атқарады. Бүгінгі жас — ертенгі болашақтың кепілі. Сондықтан да келенсіз жағдайға тап болған әрбір жасқа өз өміріне өзі жауапты екенін ұғындыру өте маңызды. Адамның бойында үлкен рөл атқаратын — жетекші эмоция. Немесе мұң, қуаныш, ашу, қорқыныш, тандану, жиіркену, жек көру. Аталған эмоцияны түрлі жағдаяттар орын алғанда, басқаруға үйренген жастың бойындағы мәдениеті де, білім-дағдылары да дамиды.

Көптеген оқу орындарында өткізілетін семинар-тренингтерде аталған мәселе көбінесе педагогикалық жағынан түсіндірілсе, ал осы семинар-тренингімізде психологиялық жағынан түсіндіру жұмысы жүргізіліп, қолға алынды.

Біздің әрбір іс-әрекетімізде ойдан ниет қалыптасады. Мысалы, назар жетіспеушілік, ал ниет арқылы өзіне көңіл аударту үшін жасөспірім түрлі іс-әрекетке саналы және бейсаналы тұрғыда баратынын психолог мамандар ғана көре алады. Әрине, мұны жастарға жеткізу үлкен жетістік. Жастар ақпараттандырылғанда өзінің іс-әрекетіне баға бере алуға үйренеді.

Құқық бұзушылықтың беделін түсіру үшін жастар мен жасөспірімдерге бірнеше ұсыныс бере отырып, ой-пікірін назарға алдық. Адамның өмірінде зорлық-зомбылықтың психологиялық әсері өте күшті. Соның салдарынан қазақтың қарақөз қыздары өмірінің соңына дейін психологиялық қысым көрген адамнан зорлық-зомбылығына көнеді. Мұндай жағдайға шыдай алмағандар, әрине, некесін бұзуға мәжбүр. Қазірден бастап біз жастар мен жасөспірімдердің психологиялық сауаттылығын арттыратын болсақ, отбасындағы рухани құндылық та, береке де сақталатын болады. Ал мұндай отбасында тәрбиеленген бала, шынайы қуаныштың не екенін біліп өсетіні сөзсіз.

Осы орайда, ата-аналарды жастар мен жасөспірімдер арасында көшбасшылыққа тәрбиелеу мақсатында онлайн және офлайн форматында семинар-тренинг ұйымдастырып, кітап оқуға машықтандыру, жастар мен жасөспірімдер арасында психологиялық денсаулығын және сауаттылығын арттыру жұмысын жүйелі жүргізуге шақырамын.

Жас qazaq: Әңгіменіңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Мәселенің мәні

Баянауыл ауданы орталығында батыр бабаларымыз Олжабай мен Жасыбайға арналған ескерткіш кешенін салу мәселесі өткен жылы талқыланып, жай-жапсары баспасөзде жарияланған. Ескерткіш қоладан құйылады. Тұғырымен есептегенде, биіктігі 26,5 метрді құрайды. Айналасына аумағы 2,6 гектардан тұратын мәдени демалыс саябағы салынбақ. Онда 564 түп ағаш отырғызылып, 678 шаршы метр гүлзар егіледі, жаяу жүргіншілерге арналған 2596 шаршы метр жолақ төселеді. 108 дана саябақ шамы, жүзден астам орындық орнатылады. Балаларға арналған ойын алаңдары мен жастардың воркаут алаңын салу ісі де қолға алынбақ. Саябақ демалушыларына арналған көлік тұрағы ұйымдастырылады. Жоба аясында дәмхана, тіпті қоғамдық дәретхана құрылысы да қарастырылған.

Бұдан бір сұрақ туындайды. Бұрын-соңды біздің облыс аумағында қолға алынбаған мұндай ғажайып ескерткіш пен ауқымды мәдени демалыс саябағы Баянауылға орнатылуы керек пе, әлде қажеті жоқ па? Әрине, керек!

Павлодар қаласына алыс-жақыннан келген туристердің, мәртебелі меймандардың, қарапайым жолаушылардың бір мақсаты — ұлылардың мекені Баянауылға барып, көрнекі орындарын тамашалау, табиғат аясында демалу. Барлығының әуелі ат басын тірейтін жері — аудан орталығы. Онда әйгілі жерлесіміз, актер, режиссер Шәкен Аймановтың мүсіні мен академик Қаныш Сәтбаев мемориалдық музейінен басқа қонақтарға ұялмай көрсететіндей, нендей мәдени нысан бар? Ендеше орталықта Олжабай мен Жасыбай батырларға ескерткіш орнатылып, айналасына саябақ салынса, несі сөкет?

Саябаққа бөлінген аумақ аудан орталығына кіреберістегі жеке тұрғын үй мен ғимарат құрылысын салуға қолайсыз болғандықтан, пайдаланылмай бос жатқан сазды жер екен. Егер бұл орын аудан орталығын көркейту, абаттандыру мақсатында пайдаланылса, аттылы да, жаяу да, кәрі де, бала да, дені сау да, мүгедек те бара алатын көпшілікке қолжетімді мәдени демалыс орнына айналатынын пайымдаймыз. Ал екі батырдың мүсіні келімді-кетімді кісілер эстетикалық ләззат алатын көркемөнер туындысы ғана емес, балалар мен жасөспірімдерді мемлекетшілдік, отаншылдық сезімдерге тәрбиелейтін, оларға рухани күш-қуат беретін саяси-идеологиялық мәні зор нысанға айналатыны күмәнсіз жайт. Егер ескерткіш ауыл сыртындағы бір төбенін басына орнатылса, ол жерге жұртшылықтың бәрі бірдей бара алмайды. Немесе ескерткіш Ақбет тау асуындағы бұралаң жолға, не Жасыбай көлінің жағасына салынса, көзделген мақсатқа жетуіміз неғайбыл. Өйткені алты ай қыс бойы ауыл мен көл арасындағы жол қатынасы жабық тұрады.

Айтпақшы, «Олжабай батырды қоя тұрып, Жасыбай батырға ғана мүсін орнату керек» деген пікірді де оқыдық. Автордың жазбасынан ойға түйгеніміз, Он сан Орта жүзге ұран болған Ер Олжабайдың ескерткішін өзі басқыншы жаумен соғысқан Баянауылда салу дұрыс емес екен, батыр жерленген қорымға белгітастар орнатса, жеткілікті көрінеді... Осы пікірге аз-кем тоқталайық.

Ақмола облысы Ерейментау ауданының Олжабай (*бұрынғы Благодатное*) ауылы маңындағы қорымға ескерткіш кешенін салу ісіне өзге біреулер емес, өзіміздің Кереку-Баянауыл өңірінің азаматтары ұйтқы болып отыр. Алла қаласа, осы 2021 жылдың тамыз айында құрылыс аяқталып, кешеннің ашылу рәсімі өткізіледі. Егер анау айтқандай, бұл іске Баянауыл ауданы әкімдігі араласып, аудан бюджетінен қаржы бөлсе, не демеушілерді тартса, шу көтеретіндер тасалан шыға келеді! «Аудандағы тозған жолдарды, су құбырларын, көріз жүйелерін жөндемей, өзге облыс аумағындағы мәдени нысанға қаржы құйғаны



несі?!» деп әкім-қараларды жерден алып, жерге салып ғайбаттайтындар іле атқа қонып, арыз-шағымдарын қардай боратады!

Әйтсе де, Павлодарда Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың, қолбасшы батырлар Малайсары мен Баянның мүсіндері орнатыларда «Бұл істердің дереу доғарып, әуелі марқұмдар жерленген қорымдарға белгітас орнатындар!» деп ақылгөйсiген біреу бой көрсетті ме? Ендеше, неге Олжабай мен Жасыбай батырлардың ескерткіштеріне келгенде, қырық түрлі сылтау айтып, қарсы пікір білдірушілер шыға береді? Бұл акцияны ұйымдастырушылардың кімдер екенін біліп отырмыз. Оларды ұлттық мүдденен гөрі, ру ішілік мәселелер көбірек толғандыратын тәрізді. Бұлардың айтқанына сенсек, біз бұрын

жұмсауды талап еткендер де бой көрсетті. «Нұрлы жер», «Нұрлы жол» бағдарламалары соншалық өзекті десек те, мәдениет саласына қарастырылған қаржы есебінен жүргізілуге тиісті емес. Әуелі мәдениетімізді көтеруге көңіл бөленіміз абзал. Мәдениетсіздік белен алған жерде көргенсіздік, ұятсыздық, рушылық: бәрі-бәрі қатар жүреді.

Енді қаржыландыру мәселесіне келейік. Қалың қолды бастап Баянауыл өңірін басқыншы жаудан босатқан қаһарман қолбасшы мен қазақтың ұлт-азаттық соғысында қаза тапқан һас батырға алтыннан мүсін сокса да артық емес! Мұндай сөзді ашынған соң айтамыз ғой. Әйтпесе, ұйымдастыру тобы мен демеушілер алкасы облыс аумағында тендесі жоқ ауқымды

жобаны жүзеге асыру мақсатына 1,5 млрд теңге мөлшеріндегі қаржы көзін таба алса, ризашылық сезімімізді білдіргеннен басқа не дейміз? Соңғы айларда құрылыс материалдарының бағасы күрт қымбаттады, бұл сома үлкен жобаны жүзеге асыруға жетсе, жарар еді.

Сөзімізді қорытындылайық. Осы жылдың сәуір айының бас кезінде еліміздің бірқатар танымал тұлғалары, Баянауыл ауданының Құрметті азаматтары, қоғам белсенділері Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Скаков мырзаның атына ресми хат жолдаған еді. Хатта

Jas qazaq жазып еді

Біз ұзақ жылдар бодандықтың бұғауына бас үйреткен, бұғып жүрмесек, басынан айырылған елдің ұрпағымыз. Біз еркіндікке ішкі дайындықсыз: ұлттық рухсыз, имансыз, өз тарихымыздан, салт-дәстүрімізден, ата-баба жолынан, ата көсібімізден, елдік патриотизмнен айырылып, құр сүлдөріміз, сыртқы «қазақтығымызбен» ғана жеткен, есесі көткен ұлтпыз.

Тәуелсіздікке қолымыз жетісімен жеріміз бай, кеніміз бай деп, далиған даламыздың кендігіне біреулер көрімдік беретіндей, сырттан келер қауіп-қатерді ойламай, еркіндіктің жөні осы екен деп есік-тереземізді аңқита ашып тастадық.

Бабалардан қалған «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөз мұраны ескермедік. Енді, міне, арада 30 жыл өткенде осы уақытта туып-өскен ұл-қыздарымыздан көрмегенді көріп, тірідей «өліп» отырмыз. Бұл «не екен, соны орасын» деген қазақтың даналығы.

Иә, қазір ұлттың бетіне күйе жақтым-ау деп сезінбейтін ұрпақ көбейді. Ұлымыз қазақ болғанын мақтаныш етпейді, қазақтыққа қызмет ету — түсінігінде жоқ. Қызымыз — үйіме «қонақпын», негізгі өмірім — ақ босағамда, соған бар абыройыммен, сініп кетер мінез-құлық, іс-әрекетіммен, ата-анам сөз келтірмейтін әдеп-әдетіммен барайын, жіңішке жолымнан аман өтіп, өз бақытымды табайын дей ме?! Демесе оған кім кінәлі?

Менінше, бүкіл қоғам! Кемеңгер Абай «Единица кеткенде не болады өңкей нөл» деп тегін күйінген жоқ. Бұқараны алға сүйрейтін мықты, ұлттық идеология болғанда, ортақ тәртіп қалыптасар еді.

Ұлтымыздың кеткен есесін түгендейді деп жүрген ұлдарымыз у ішкізіп, қыздарымыз запыран құстырып, ішке толған «дертімізді» сөзбен, ақылмен емдеу мүмкін бе? Білмеймін! «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» дегенше сенемін.

Осы кезге дейін сыртқы қазақтығын «сыпыра» шешіп тастаған жастарымыз енді жан жоғалтуын місе тұтпай, тәнін өзгертуге қол салды. Шектен шығудың, Құлайдан қорқып, адамнан ұялмаудың, қазаққа жаны ашымаудың бұдан асқан сорақылығы бар ма? Бұндай бейбастықтықтан арылтуға ата-ананың күші де, әлі де келмейді. Өйткені еліктегіш, ессіз жастық қоғаммен өмір сүреді. Олардың бойындағы бұла

күш отбасындағы шағын әлемге сыймайды. Кешегі адамдардың адамгершілік қасиеттерін, кісілік ұстанымдарын, еңбексүйгіштік, табандылық дағдыларын бағаламайды. Бар қызығушылығы — ақша табу.

Қазақы тәрбиелен ажырау — бір күннің кеселі емес. «Ел тәуелсіздігіне 30 жыл» деп

бөркімізді аспанға атып, жақсылықтарды жанымыз қалмай тізбелегенімізбен, қазақтыққа қасқайып тұрып қанымыз тулап, жоғалтқанымызды іздеп шулап, қызмет етуге барымызды салғамыз жоқ.

Қазақы тәрбиенің ыстық ұясы — ауыл қамқорлықсыз, қараусыз қалды. Өлместің күйін

тойымсыздықтан, қанағатсыздықтан, иә, күнкөріс үшін жанталастан артылып, баланың рухани әлеміне жанашыр болатын күніміз қашан туар екен?! Орыстың педагог-жазушысы Сухомлинский: «Біздің бүгінгі балаларымыз — біз қартайғандағы не бақытымыз, не қайғымыз», — депті. Бұдан асырып бірдене

БЕСІГІМІЗДІ ТҮЗЕУДЕ НЕДЕН СҮРІНДІК?

Бағина БАЙТАБАЕВА,
«Қазақстан Ата-аналар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі:

ЖЫНЫСЫНАН ЖЕРІГЕНДЕРДІ ЖЕЛІКТІРІП ОТЫР

Jas qazaq газетінің 11 маусымдағы санында жарияланған үлгі жанауымыз, білім журналисті Марат Тосқисыбаевтың сұрастырғы оңдауында көтерген мәселесі осы аумақта. Расында да, бүгінгі әлемдегі заманда, өлемнің өзі қып өтпе мінезбен тыныстаған мәдениет білім тәрбиесі, жас ұрпақтың санасын бұздырушы сұраусы тым күрделініп кетті. Өйткені айналымда ақпараттық майдан жүріп жатыр. Жан-жақтан ағылған өкілдер көздері де, бұдан тоңым-түсінімдегі мүлдем жаңа мағыма қорыдағы оқиғалардан көрсеткіштерді құтқаруға орталықтандырып, соны ұғынып бара жатқаны аңғарылады. Осы орайда өзіміз өрлеп тұрған тоқырлық көтеріп, қосымша үндеу тастаған газеті ұжымына ағымысыз ойтамын.

ЛГБТ ұйымның бізін елге есептендіріп қалып, қанат жанына үзе қосыпалар, өкінішке қарай, көбісіп келеді. О баста, сонау 2000-жылдары, нұрлы оған да өрірек, иіттер, ең атылса «қонақтары» сыртқарай бастады. Сол кезде қолға болып қарсы тұрмадық. Оған кейін гей-клубтар ашылып, олардың жасыран тұра жұмыс істемейді де етімі үйренсе бастады. Қонақтардың арасынан гей-жұрттары да көзіміз ашып қалып келеді, көрсеткендей болып, өсіпке те, естігендей болып, мен бермей, «есіп тиіссен, мен тиіссен» келіпін танытып, белгілей сарғанымызды елге келірі осы дәрежеге жеткізіп деп ойаймын. Екітінше, басқа елдермен келісетін халықаралық пактілер мен келісімшарттардың азам қалып жайы бөлігінде бұлардың қосымша адамға жайлы тармақтары болып алабы мүмкін. Үшіншіден, бүгін дейін көрініспен салыстырсақ, бұлттар мен бұлығ жылы ерекше бас көтеріп, «өзімізге сенімдері артта түскенін байқауға болады.



айта алмаспын. Қазір үлкеннің де, кішінің де қолында бір-бір телефон. Ол — бүкіл ғалам алақанында деген сөз. Дұрыс, онсыз тірлік жоқ сияқты. Өкініштісі, ешкім өзіне шектеу қоя алар емес, есі-дерті ауып, «кіріп» кеткен. Керегін табу үшін телмірсе мейлі ғой, жоқ, түкке тұрғысыз алданыштарға, біреудің жеке өміріне танданыстарға кетіп жатқан қайран уақыт! Керісінше, уақытты босқа өлтірмей, әркім қабілет-қарымына қарай отбасылық дәстүр қалыптастырып, ағайын-тума, көрші-қолан, дос-жаранмен араласып, амандық-саулық сұрасып, барысып-келісіп, сыйласып, бір-біріне қарайласып, тілекке тілек, жүрекке жүрек қосылып, кісілікке ұмтылса, елдік те, қазақы қалпымыз да қанатын жайғалы тұр. Қазақтың қазақтығы, мықтылығы — қазаққа ғана керек. Соны ұмытпасақ екен.

Қымбат ӘБІЛДАҚЫЗЫ,
«Айгөлек» журналының автор-редакторы, түркі әлемі ақпарат саласының үздігі

BIRLIK

Татулық

Алматы облысына арнайы сапармен келген Қазақстан Халқы ассамблеясы Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов жергілікті жұртшылықпен кездесу өткізіп, Жетісу жеріндегі ынтымақ пен келісімнің нығаюына үлес қосып отырған ұйымдардың жұмысымен танысты. Талдықорғандағы Жастарға қызмет көрсету орталығында өткен жиынды облыс әкімінің орынбасары Арсылан Дендібаев ашып, жүргізіп отырды. Тақырыпқа қатысты өз ойын ортаға салған Марат Әзілханов еліміздің тыныштығы мен бейбітшілігін, ынтымағы мен бірлігін қалыптастыруға үлес қосып отырған Қазақстан Халқы ассамблеясына артылған жауапкершілік жүгінің жеңіл еместігін, соған сай белсенді қызмет ету керектігін атап өтті.

Мұрат Әзілханов: «Ең алдымен, Қазақстан Халқы ассамблеясының ХХІХ-шы сессиясы Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшілік пен келісім саясатын дамытуға жана серпін бергенін айтқым келеді. Біз Елбасының этносаралық қатынастар мен интеграция, ұлттың жаңа

тапсырылған болатын. Сол жылдан бері өңірлік «Жаңғыру жолы» РЖК штабының төрағасы болып сайландым. Біздің мақсатымыз — әр түрлі этнос өкілдері жастарын біріктіру, Елбасы саясатына қолдау көрсету, алға қойған айқын міндеттерді жүзеге асыру. Осы уақытқа дейін біз қоғамдық келісім мен жалпы ұлттық бірліктің үлгісін насихаттауға арналған түрлі форматта шара ұйымдастырудамыз.



етуге шақырамын. «Жері байдың — елі бай» деген қанатты сөз тегін айтылмаған, көк туы желбірген егемен еліміздің мәртебесі аскақтай берсін!», — деді.

Былтырғы пандемия кезінде жастардан құралған еріктілердің еңбегі ерен болды. Әсіресе, дәрігерлер мен полиция қызметкерлеріне, жалғызбасты адамдарға, мүмкіндігі шектеулі отбасыларға ас-су жеткізіп, жанашырлық

ТЕГІ БАСҚА БОЛҒАНЫМЕН, ТЕҢДІГІ БІР, ҚАНЫ БӨЛЕК БОЛҒАНЫМЕН, ЖАНЫ БІР

біртектілігі саласындағы идеологиялық тәсілдерді жаңартқанына назар аудардық», — деп атап көрсетті. Ол: «9 маусымда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен ҚХА Кеңесі өтті. Онда осы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету міндеттері нақтыланды.

Бүгінге дейін үлкен жұмыстар атқарылды. Сол қатарға акция, конкурс, челлендж, квесттер кіреді. Айта кеткен жөн, түрлі квесттерге жастар ерекше ықыласпен қатысады. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған квест өткізуді ұсынғым келеді. Біздің штаб өз қызметінің көп бөлігін қайырымдылыққа

танытқан еріктілердің айтуынша, қоғамның дұрыс жолмен дамуы өскелең ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан жасөспірімдердің дұрыс тәлім алуын мектеп қабырғасынан бастау керек. Одан бөлек, еріктілердің мемлекеттік тілді дамытуға, халықтың жанашырлығын оятуға үлес қосуы керек. Бұл туралы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы және «Парасат» клубының мүшесі Александр Сон айтты.

Ол: «Қазақстан — татулықтың, достықтың, бірліктің киелі бесігі. Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Бүгінде олар тегі басқа болғанымен, теңдігі бір, қаны бөлек болғанымен, жаны бір, арманы ортақ, біртұтас халыққа айналды.

Саяси қуғын-сүргін кезінде Қазақстанға кәріс, шешен, күрд, неміс секілді этнос өкілдері күштеп көшірілді. Алайда ежелден бауырмал, достыққа берік қазақ халқы жат жерден келгендерді бауырына басып, қамқорлық көрсетті. Өзге ұлт өкілдеріне баспанасының бір бұрышын беріп, бір үзім нанымен бөлісті. Атам қазақ «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» деп бекер айтпаса керек. Өйткені қазіргі таңда сонау қиыншылық жылдары қамқорлыққа бөленген ата-әжелерім қазақ халқының кенпейілдігін, мейірімділігін айтып, аса сүйіспеншілікпен әңгімелеп отырады. Қазіргі таңда елімізде барша этнос өкілдері ынтымақта өмір сүруі — сол зұлмат кезеңдегі бірлік пен достықтың іргетасын қалауының нәтижесі деп білемін.

30 жыл. Тарихи өлшеммен алғанда теңіздің тамшысындай болғанымен, Қазақстанның осы кезеңде жүріп өткен жолы ғасырлармен пара-пар екенін көріп те, айтып та жүрміз», — деп сөзіне екпін бере сөйледі. — «Мәңгілік елге» аппаратын басты құндылық — Тәуелсіздік, келісім, бірлік, достық, біртұтас ұлт. Осындай ұлы мақсатқа жету жолында ананың көтеретін жүгінің салмағы зор. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолмен әлемді тербетеді» деген ұғым жатыр. Бүгінде облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңестерінің жалпы саны — 271. Құрамында облыстың, ауданның құрметті азаматтары, қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, мәслихат хатшылары, зейнеткер ұлағатты ұстаздар, мектеп директорлары, зейнеттегі саясаткерлер, Батыр аналар, жеке кәсіпкерлер және білім, мәдениет, әлеуметтік сала қызметкерлері бар. Аналар кеңесі: «Берік отбасы — берік мемлекет» тақырыбында, «Мәңгілік ел бесігі, ананың жүрегінде» ұстанымын басшылыққа ала отырып, «Ақ отауға — ақ бата», «Ана медиатор», «Рухтың күші — әкеде», «Жас отбасы мектебі», «Әйел және бизнес», «Қыз тәрбиесі — ұлт тәрбиесі», «Ана денсаулығы — ұлт денсаулығы» сияқты шараларды үнемі өткізіп келеді. 2016 жылдан бері облыс көлемінде осы жобамен жұмыс бастап, 2018 жылы республика көлемінде тәжірибеміз таратылды. Өткен жылы 1143 шара ұйымдастырдық. Олар Қазақстан Халқы ассамблеясының 25 жылдығы, Әл Фарабидің 1150 жылдығына, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналды. «Біз біргеміз», «Біз



Ассамблеяның бүгінгі таңдағы басты міндеттерінің бірі — этномәдени бірлестіктердегі жастар қанатының және ҚХА «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының жұмысын жандандыру болып табылады.

Осыған байланысты ҚХА хатшылығы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар ісі, этносаралық қатынастарды дамыту комитеттерімен бірлесіп, Қазақстан Халқы ассамблеясының жастар құрылымдарын жандандыру мәселесін пысықтайды. Бүгінде этносаралық салада жаңа үрдістер мен процестер байқалауда.

Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының деректері бойынша 2020-2021 жылдары этносаралық қатынастардағы тұрақтылықтың негізгі өзегі 94% деңгейінде сақталып отыр. Біздің азаматтардың 88,3%-ы көпэтносты қоғам идеясын қолдайды. Олардың 69,4%-ы Қазақстанды болашақта халқы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген көпэтносты, үш тілді мемлекет ретінде көреді. Мұндай көзқарасты 18-29 жас аралығындағы жастардың 71%-ы және халықтың 30-45 жас аралығындағы бөлігінің 71%-ы ұстанады. Халықтың 84,3% этносаралық келісімді сақтау жөніндегі мемлекеттік саясатты қолдайды.

Ассамблея кеңесінің мүшелеріне Ассамблеяның ХХІХ сессиясының тапсырмаларын іске асыруға белсенді қатысу, хаттаманың орындалуы бойынша қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету міндеті қойылғанын атап өткім келеді. Осыған байланысты Кеңестің әрбір мүшесі осы бағытта тапсырма алады. Мұндай тәжірибе өңірлерде де қолданылуы тиіс», — деді.

Кездесуді «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының облыстық мүшелерімен және еріктілердің жұмысымен танысудан бастаған астаналық қонақ Жетісу жеріндегі ерікті жастардың белсенділігіне, ынтымақ-бірлігіне қатысты мәліметтерді сұрап білді. Ассамблея мүшелігіне жастарды тарту қажеттігіне тоқталып, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық «Жаңғыру жолы» штабының төрағасы Руфина Усанованың есебіне назар аударды.

Р.Усанова: «2018 жылы республикалық Қазақстан Халқы ассамблеясы «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы штабын әрбір өңірде құру

жұмсайды және меценаттардың осы бағытта жастарды қолдағанын қалаймыз. Жыл соңында қайырымдылық балын өткізуді жоспарлап отырмыз, «Қазақтану» жобасы аясында 2021 жылдың қорытындысын шығарғымыз келеді», — деп сөзін түйді.

Жастар ел сенімін ақтап, қолға алған жобалары мен тың бастамалардан нәтиже шығаруға ұмтылады. Осы арқылы қоғамға белсенді түрде ықпал еткісі келеді. Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі аппаратының бас маманы, мемлекеттік тіл жанашыры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Владимир Чепельдің сөзі осы ойды байыта түсті. Ол: «Қазақта «Ағасы ақылдыңын ауылы азбайды, жөнгесі шебердің жөні тозбайды» деген даналық сөз бар. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтай ел ағаларының еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы ерен еңбектерінің арқасында, ұлан-ғайыр даламызда егіміз көктеп, малымыз төлдеп, береке-бірлігіміз арта түсуде.

Елбасының саясатын Қазақстанның халық болып сайлаған Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындарды әлеуметтік жағынан қолдауға бағытталған тың идеяларымен жалғастырып келеді. Тарихы тереңде жатқан Қапал ауылында Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы Қоғамдық келісім, Аналар кеңестері мен жастар орталығының қызметкерлері өзара тығыз ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс істейміз.

2019 жылы облыстың жас көшбасшылары арасынан жүзден жүйрік, мыннан тұлпар танылып, «Үздік мемлекеттік қызметкер» атағын алғанын, өткен жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін тағынғанымыз ел-жұртым, ауыл-аймағым менімен бірге қуанды. Білікті басшы ретінде, елімізді болашағы жастарға жан-жақты қолдау танытып, үнемі ақылыңызды айтып жүргеніңізге зор алғысымды білдіремін.

Мемлекет басшысы жастар жылын қорытындылап, өткен жылы Еріктілер жылы деп жариялады. Бұл Мағжан ақын айтқан: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты» жалынды жастарға деген ерекше сенім мен құрметтің белгісі деп бағалап, барлық құрдастарымды бізге білдірген сенімді ақтауға, білімдерін терендетіп, еліміздің дамыған отыз елдің қатарына қосылуы жолында еселі еңбек



Бүгінде баршамыздың басты арманымыз — баянды бірлік пен кемел келісіммен өмір сүру. Осынау мақсат-мүдделердің ойдағыдай жүзеге асуы ең алдымен әрбіріміздің қажырлы еңбегіміз бен өзара түсіністігімізге, ішкі тұрақтылығымыз бен пайымды парасаттылығымызға байланысты», — деп ағынан жарылды.

Тіл сарайында өткен кездесуге этномәдени орталықтардың, Қоғамдық келісім және Аналар кеңесінің, жетекші журналистер клубының, ғылыми-сарапшылық тобының мүшелері қатысты. Алдымен Қазақстан Халқы ассамблеясының бейбітшілікке, ынтымаққа, тыныштыққа, тұрақтылыққа қосқан үлесін салмақтаған Марат Әзілхановтан сөз сөз алған Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин еліміздің өркендеп дамуына ең алдымен қоғам атсалысуы керектігін атап өтіп, берік орныққан дінаралық, ұлтаралық келісім келешектің күнін жарық ететінін жеткізді.

Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, жетекші журналистер мен сарапшылар клубының төрағасы Атсалим Идигов ортақ міндетке шоғырланғанда ғана мемлекетіміздің тұрақтылығы мен тыныштығы баянды

үйдеміз», «Ардагерлерді ардақтайық», «Асар» қайырымдылық акциялары да өз деңгейінде өтті. Биылғы жарты жылда 602 шара ұйымдастырып, 9 485 адамды қамтыдық. Облыс көлемінде «Рухтың күші — әкеде», «Ана — бітімгер», «Әйел әлемі», «Қыз тәрбиесі — адамзат тәрбиесі», «Отбасы мектебі» жобалары жүзеге асып, «Қыз — ұлттың анасы» монографиясы жарық көрді. Биыл еліміздің ең басты құндылығы — Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Ассамблея ширек ғасырдан бері тәуелсіздігімізге тірек, тұрақтылыққа кепіл болды», — деп атқарған жұмыстарымен бөлісті.

Зан ғылымдарының кандидаты, жаттықтырушы медиатор Бақыт Шыңғаева өздерін толғандырған мәселелерді жеткізіп, атқарып жатқан жұмыстарының нәтижесін таныстырды.

Жиынды қорытындылаған Қазақстан Халқы ассамблеясы Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов Жетісу жерінің өркендеуіне үлес қосып жүрген хандарды Алғыс хаттармен марапаттап, естелік суретке түсті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Ел бірлігі

Тәуелсіздік жылдары бірлік пен татулықтың сақталуы бөрінен де маңызды. Елбасының көрегенді шешімінің арқасында Қазақстан Халқы ассамблеясы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып, қазақ қоғамының ажырамас бөлшегіне айналғаны хақ. Бұл жолы біз Алматы облысындағы грек қоғамдық қауымдастығының төрайымы, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, Талғар аудандық мәслихатының депутаты Наталья Тифанцидимен әңгіме-дүкен құрдық.

Жас qazaq: Алматы облысында түрлі ұлттардан құралған этномәдени орталықтардың жұмыс істейтіні белгілі. Соның ішінде грек қоғамдастық қауымдастығы да бар. Наталья ханым, «Элефтерия» этномәдени орталығының облыстағы ұлтаралық татулықты нығайтуға өз үлесін қосып отырғанына күмән жоқ. Дегенмен, өзіңіз толығырақ әңгімелеп берсеңіз.

Н.Тифанциди: Ел бірлігін назарға алған Елбасы Н.Назарбаев Қазақ жерін мекендейтін этностардың басын бір арнаға жинап, ортақ мақсатқа бағыттайтын Қазақстан Халқы ассамблеясын құрды. Бастапқыда Ассамблеяға қатысты түрлі сын айтылғанымен, уақыт өте бұл қоғамдық ұйым өзі маңызының ерекше екенін көрсетті. Ассамблея ел дамуына өлшеусіз үлес қосып, қазақ қоғамының ажырамас бөлшегіне айналды.

Ұлтаралық татулық дегеніміз нені білдіреді? Ең алдымен, осы сөздің мән-мағынасын ашып алсақ. Ұлтаралық татулық дегеніміз — мен үшін қай ұлт болмасын, бірін-бірі бөлмей, жатсынбай араласу. Ұлттар арасындағы араздықтың болмауы. Маған достарымның да, айналадағы ортамның да, қай ұлт екені маңызды емес. Маған маңыздысы — оның қандай адам екені. Ол өз Отанының патриоты ма? Әлде отбасының тірегі ме? Болмаса, жақсы маман ба? Өз басым осы адами құндылықтарға мән беремін.

Алматы облысындағы «Элефтерия» грек қоғамдық бірлестігі 2004 жылы құрылды. Ол Қазақстандағы 19 бірлестіктен тұратын «Филия» грек қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастықтың бастапқы кездегі міндеті — Алматы облысында мекендейтін гректердің құқығын қорғау болатын. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, еліміздегі азаматтардың құқығын мемлекет қорғайды. Сондықтан қауымдастық алдында грек

казакстандықтармыз» байқауы. Осы байқау барысында оқушылар еліміздегі түрлі ұлт пен ұлыстың ән-биін орындап, өнер көрсетеді.

Балалар белгілі бір ұлттың дәстүрлі киімін киіп, сахнада би билейді. Мұндай шараларды шала-шарпы, асығыс-үсігіс өткізгіміз келмейді. Осы себепті байқауға бір ай бұрын дайындаламыз.

Жас qazaq: Еліміздің ұлттар арасындағы татулықты сақтауға арнайы жүргізіп отырған саясаты бар. Сіз мемлекеттің бұл саясатына қандай баға берер едіңіз?

Н.Тифанциди: Еліміздегі ұлтаралық татулықтың көрінісін айтып өтейін. Біздің елде ғана Пасха мерекесінде «Христос воскрес!» дегенге «Бірге болсын!» деген жауап аласыз. Ал Наурыз мерекесінде барлық ұлттардан «Наурыз құтты болсын!» деген құттықтау

Наталья ТИФАНЦИДИ:

ТАТУЛЫҚ ПЕН ДОСТЫҚТЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАЙМЫН!



ұлтының мәдениеті мен дәстүрін жас ұрпаққа үлгі ету жолы айқындалды. Алматы облысы Талғар ауданындағы жалпы білім беретін №17 орта мектепте грек тілін үйрететін жексенбілік мектеп бар. Мектепте балаларымыз тек қана тіл үйреніп қана қоймайды, сондай-ақ гректердің салт-дәстүрі мен мәдениеті де оқытылады. Мектеп ішінде грек тілінде қойылым қоятын қуыршақ театры бар. Сонымен бірге «Македония» би ансамблі құрылған. Біз елімізде

аламыз. Бізде ұлтқа бөліну деген жоқ. Біздің бойымызда бір-бірімізге деген сыйластық бар. Бұл — біздің еліміздің басты байлығы. Біздің ел ең алдымен онда тұратын адамдарымен қымбат. Ал елде тұратын азаматтар ешқашан ұлтқа бөлінбейді. Барлығының көздегені бір-ақ нәрсе — ұлтаралық татулық. Біз өзіміздің тату мемлекет екенімізді барша әлемге жар салып айта аламыз. Шын мәнінде, біздегі көпұлтты біріктіріп тұрған — бірлік пен ынтымақ. Осы



ҚАНДАЙ ҰЛТ БОЛМАСЫН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨРКЕНДЕП, АЛҒА ҚАРАЙ ЖЫЛЖУЫНА ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСЫП, ӨЗІНІҢ ПАТРИОТ ЕКЕНІН КӨРСЕТЕ БІЛУІ КЕРЕК

айналдыру. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуі тиіс. Біз мұнда болашақ ұрпағымызды өсіріп, соларға тәлім-тәрбие беріп, туған жерінің қадір-қасиетін түсінетін саликалы ұрпақ болып өсуіне жағдай жасауымыз керек. Біздің орталықтың мүшелігіне өтіп жатқан гректердің саны жыл сайын көбейіп отыр. Бұл бір есептен үлкен өмірге араласып, қатарға қосылған осында грек жастарының есебінен арта түсуде. Дәл қазір «Элефтерия» қатарында 1200-ден астам грек бар. Қазақстанда өмір сүретін барлық гректер осы елдің өзінің екінші — Отаны деп есептейді.

Қазақ халқының қайырымы мен жақсылығын біздің ата-апаларымыздан сұрасаныз, бірден айтып береді. Сол бір қиын-қыстау кезеңде Қазақстанға қоныс аударған бабаларымыз қазақ халқының көп жақсылығын көрді.

Көп жыл бұрын арып-ашып Қазақстанға жеткенде осындағы ел кеудесінен итермей,

тарихи Отаны. Тарихи дейтінім, олардың ата-бабасы тарихтың қиын кезеңінде осында жер аударылып келді. Сол кезеңнің қатал саясатының құрбаны болды. Оларға өз туып-өскен елін, жерін тастап келу қаншалықты қиын болғанын білеміз. Бірақ барлығы тағдырдың жазуымен қазақ еліне келіп тұрақтады. Осы жерде олар отбасылы болды. Ұрпақ тәрбиеледі. Былтыр әлемді әбігерге салған пандемия

«ЭЛЕФТЕРИЯ» ҚАТАРЫНДА 1200-ДЕН АСТАМ ГРЕК БАР. ҚАЗАҚСТАНДА ӨМІР СҮРЕТІН БАРЛЫҚ ГРЕКТЕР ОСЫ ЕЛДІҢ ӨЗІНІҢ ЕКІНШІ – ОТАНЫ ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ.

келіп, баршамыздың жұмысымызға кедергісін келтірді. Бірақ біз бұны кедергі деп санамадық. «Біз біргеміз» деген ұранмен одан сайын жақындай түстік, бір-бірімізге тіреу бола білдік. Биылғы жыл да біз үшін үлкен сынақпен басталды. Бірақ біз бұл сынақтан да сүрінбей өттік деп санаймын. Осының барлығы еліміздің көпұлтты татулықта, ынтымақта, бірлікте ұстап отыруының арқасында. Қандай ұлт болмасын, Қазақстанның өркендеп, алға қарай жылжуына өз үлесін қосып, өзінің патриот екенін көрсете білуі керек.

Жас qazaq: Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі ретінде айтыңызшы,

керісінше, бауырына басты. Жылы-жұмсағын алдына тосты. Басына баспана, алдына малын салып берді. Біз мұны ұмытқан жоқпыз және ұмытпаймыз да! Бұл туралы әжеміз әрдайым еске алып отыратын.

«70 жыл Ресейдің оңтүстік өңірлерінде өмір сүрген грек ұлты тар заманның қыспағына ұшырап, жоғала жаздағаны өтірік емес. Краснодар өлкесінде күн кешіп жатқан мына біздерді жүк пойызына отырғызды да белгісіз бағытқа аттандырып жіберді. Гректердің көпшілігін Қазақстан мен Сібірге жер аударды», — дегенді ата-апаларымыздан естіп өстік.

Жасыратыны жоқ, Қазақстанға келгенде бірқатар қиындықтар туғаны рас. Қанша дегенмен бөтен ел, бөгде жер ғой. Оның үстіне, ауа райына, гректер бейімделмеген климатқа төселу қиынға соққаны рас.

Жазы болса ыстық, қысы суық өлкеге бірден бейімделіп кету ауыр болды. Алайда уақыт келе, гректер Қазақстанның мән даласына үйренісіп, бауыр басып қалды. Сонау Краснодардан жер аударып келген гректер қазақ халқын жақын тани түскен сайын соғұрлым қазаққа деген құрметі арта түсті.

Қазақ халқының қонақжайлығы, дарқандығы, бекзаттығының арқасында осы ортаға оңай сіңісіп кеттік. Қазақ халқының жүрегі ұлан-байтақ даласындай мейірімді, қайырымды. Біз және болашақ ұрпақ бұл жақсылықты ешқашан ұмытпаймыз.

Жас qazaq: Өзіңіз басқаратын қауымдастық қандай шараларға қатысып, игі істердің басы-қасында болды?

Н.Тифанциди: Біздің «Элефтерия» грек ұлтының қауымдастығы облыстағы «Достық үйі» ұйымдастыратын, одан бөлек, республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысады. Грек қауымдастығында дәстүрге айналған «Біз қазақстандықпыз» фестиваліне қатысамыз. Біздің мақсатымыз — қоғамдағы келісімді нығайту мақсатында еңбек ету. Біздің этномәдени бірлестік төрағалары көптеген шараларға белсене қатысады. Сондай-ақ біздің өңірде

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОНАҚЖАЙЛЫҒЫ, ДАРҚАНДЫҒЫ, БЕКЗАТТЫҒЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ОСЫ ОРТАҒА ОҢАЙ СІҢІСІП КЕТТІК. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІ ҰЛАН-БАЙТАҚ ДАЛАСЫНДАЙ МЕЙІРІМДІ, ҚАЙЫРЫМДЫ. БІЗ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ҰРПАҚ БҰЛ ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ЕШҚАШАН ҰМЫТПАЙМЫЗ.

түрлі этностардың жұмыстарын, салт-дәстүрін насихаттау жұмыстары жүріп жатыр. Осы мақсатта «Қоғамдық келісім» мекемесі ауқымды жұмыстар жүргізуде. Барша жетісулықтар «Қайырымдылық керуені» сынды ауқымды акцияларға белсене қатысты. Себебі игі істер арқылы біз қоғамға өз пайдамызды тигіземіз. Сонымен қатар біз жастарға әрдайым қолдау көрсетіп келеміз. Қазіргі таңда жастар этносаралық толеранттылықты сақтауда қыруар жұмыстар атқаруда. Тек өз күшімізді сақтау арқылы, біз бейбітшілік пен бірлікті сақтай аламыз.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы облысы

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ – МЕН ҮШІН ҚАЙ ҰЛТ БОЛМАСЫН, БІРІН-БІРІ БӨЛМЕЙ, ЖАТСЫНБАЙ АРАЛАСУ. ҰЛТТАР АРАСЫНДАҒЫ АРАЗДЫҚТЫҢ БОЛМАУЫ. МАҒАН ДОСТАРЫМНЫҢ ДА, АЙНАЛАМДАҒЫ ОРТАМНЫҢ ДА, ҚАЙ ҰЛТ ЕКЕНІ МАҢЫЗДЫ ЕМЕС. МАҒАН МАҢЫЗДЫСЫ – ОНЫҢ ҚАНДАЙ АДАМ ЕКЕНІ.

өтетін ұлттық мерекелердің барлығына белсене қатысамыз. Тәуелсіздік мерекесі мен Алғыс айту күнінде арнайы колөнер шеберлерінің көрмесін ұйымдастырамыз. Арнайы би тобымыз өз өнерін ортаға салады. Одан бөлек, біз гректің дәстүрлі «Панаир» мерекесін атап өтеміз. Бұл мерекеге біз облыста тұратын барлық ұлттарды шақырамыз. Біздің ұжым түрлі достық фестивальдеріне белсенді түрде қатысады. Біздің ұжым Ассамблеяға қарасты ұлттық орталықтар өткізетін дәстүрлі шаралардың бел ортасында жүреді. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Қазақстан» ұлттық арнасымен бірлесіп, «Достық» бағдарламасына қатыстық. Осы жоба аясында Алматы облысы Томаров совхозында өмір сүретін гректердің өмірі, тұрмыс-салты туралы тамаша репортаждар жасалды.

Әлбетте, өскелең буынға ерекше көңіл бөлеміз. Өйткені ертеңіміз де, сенеріміз де сол буын. Грек ұлтының Қазақстанда дүниеге келіп, есейген жастары бүгінде еліміздің түрлі салаларында еңбек етуде.

Еліміздегі ырыс-ынтымақты бекіте түсу мақсатында түрлі конкурстардың ұйтықсы болуға тырысамыз. Соның бір дәлелі — «Біз



орайда «біздегі ұлттар нәліктен тату» дегенге жауап бере кетейін. Қазақстан — ең алдымен, осында тұратын, мекен ететін сан түрлі ұлттың

БІЗ ӨЗІМІЗДІҢ ТАТУ МЕМЛЕКЕТ ЕКЕНІМІЗДІ БАРША ӘЛЕМГЕ ЖАР САЛЫП АЙТА АЛАМЫЗ. ШЫН МӘНІНДЕ, БІЗДЕГІ КӨПҰЛТТЫ БІРІКТІРІП ТҰРҒАН – БІРЛІК ПЕН ҰНТЫМАҚ.

бүгінгі күнге дейін Ассамблея қандай міндеттерді орындады?

Н.Тифанциди: Біздер, үлкендер, болашақ ұрпақтың татулық пен бейбітшілікте өмір сүруі үшін не істейміз дегенге қызығамыз. Менің ойымша, балаларымыздың қауіпсіздігі мен болашағы — тұрақты мемлекетте. Ал осы жауапкершілікті Қазақстан Халқы ассамблеясы өз мойнына алып отыр. Біздің міндет — Қазақстанда мекен ететін қай ұлт болмасын, бәріміз бір тудың астында тұрақтылық пен ынтымақта өмір сүру. Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Ұлтқа бөліну болмасын. Ұлттар көп. Ал Жер Ана — біреу». Ассамблея бағдарламасының басты бағыты — Қазақстан атты ортақ үйімізді мықты мемлекетке



АҚЖОАТАЙ Биылға дейін Қазақстаннан Черногорияның туристік аймақтарында демалуға баратындар төте рейстің жоқтығынан, жолсоқты болып әрең жететін. Украина астанасына бір тоқтап, ары қарай Черногорияға, болмаса Мәскеу, Ыстамбұл қалалары арқылы қатынайтын.



Черногорияға тіке ұша аласыз

Air Astana компаниясы жырда Черногорияның астанасы — Подгорица қаласына елімізден тура ұшатын рейс ашты. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларынан әуе компаниясының жап-жаңа Airbus A321LR ұшағы қатынайтын болады.

Жалпы екі елдің арасында төте рейстің ашылуы қай тарапқа да тиімді. Өйткені ТМД елдерінің ішінде Қазақстан — Черногорияға туристерін көп жіберетін алдыңғы бес мемлекеттің бірі. Табысының басым бөлігі осы туризмнен түсетіндіктен, черногориялықтар әрбір туристің құт әкелетінін жақсы біледі. Бұрындары тіке рейстің болмауы да Қазақстаннан баратын туристердің саны артуына салқынын тигізгені рас. Ұзақ жолдан шаршайтындықтан, Черногорияның кереметін көргісі келетіндердің кейбірі сапардың қашықтығын ойлап райынан қайтатын. Енді, міне, Air Astana әуе компаниясы астанамыз бен оңтүстік мегаполистен рейс ашып, сапарға шығушыларға орасан мүмкіндік тудырып отыр.



Екі елдің арасындағы туристік ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған игілікті іске орай Алматыдан Черногорияға ұшып шыққан лайнер Подгорица әуежайына қонғанда, черногориялықтар судан шашу шашып, құрметпен қарсы алды. Рейстің ашылуына арналған баспасөз мәслихаты Подгорица әуежайында өтті. Қазақстанның Хорватия, Босния мен Герцеговина және Черногориядағы Төтенше және өкілетті елшісі Төлежан Барлыбаев, Черногорияның экономикалық даму министрлігі, туризм департаментінің директоры Александра Гардашевич—Славулыица және Air Astana компаниясының маркетинг және сату жөніндегі вице-президенті Ричард Леджер, Подгорица халықаралық әуежайының бас директоры Огнен Йовович қатысып, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

«Черногория — Балкан орта аралындағы Қазақстан үшін визасыз қатынайтын мемлекет. Тура рейстің

ашылуы екі елдің туризмінің дамуына ғана емес, мәдениеті мен өркениетінің өрлеуіне септігін тигізеді», — деді елші Төлежан Барлыбаев.

Air Astana әуе компаниясының вице-президенті Ричард Леджер Черногорияға тіке қатынайтын рейс ашу екі мемлекет үшін де тиімді екенін, Черногория мемлекетіне Қазақстаннан қатынайтын жолаушыларға жоғары сапалы қызмет көрсетуге әзір екендерін жеткізді. Air Astana әуе компаниясының Черногория астанасына қатынайтын Airbus A321LR ұшағында жолаушылардың шаршамауы үшін барлық жағдай жасалған. Әуе қатынасы арқылы қос мемлекеттің туризм саласы ғана емес, мәдени сабақтастық та нығая түседі енді.

Тағы бір ақжолтай ақпарат, Подгорица қаласында шілде айынан бастап Қазақстанның Құрметті консулдың ашылады. Одан бөлек, жастар көптеп аялдайтын Будва қаласында да консулдық ашылмақ. Құрметті консулдың

мамандарынан елімізден барған туристер қажетті кеңес алып, мәселесін шешудің жолын біле алады.

Бұған дейін Air Astana әуе компаниясының ұшақтары Нұр-Сұлтаннан Подгорицаға сәрсенбі, сенбі күндері, Алматыдан Черногорияның бас қаласына бейсенбі, жексенбі күндері қатынап келген. Адриат теңізіне шомылуды қалайтындардың саны күрт көбейіп, сұраныстың артуына орай, 21 маусымнан бастап екі қаладан да күн сайын ұшу кестесін іске қосты.


Айта кетейік, Қазақстан Черногориямен дипломатиялық байланыс орнатқанына 15 жылдың жүзі болды. 2006 жылы Черногория тәуелсіздігін жариялап, Сербиядан енші алып, бөлініп шыққанда-ақ Қазақстан дипломатиялық әріптестік мақсатымен бауырластық танытқан болатын.

Қуаныш РАХМЕТ,
Алматы — Подгорица — Алматы

Қазақстан халық емшілері қауымдастығының төралқасы мен ұжымы Алматы қаласының тұрғыны, Қазақстан халық емшілері қауымдастығының президенті, академик, зерттеуші ғалым

ЗИЯДАН ҚАЖЫ ҚОЖАЛЫМОВТЫҢ

77 жасқа қараған шағында қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына және жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



ӘЙГЕРІМ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАНДЫҒЫ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ БІЛІМ АЛДЫ. БИЫЛ ОҚУЫН БІТІРІП, ӘРМЕН ҚАРАЙ ӨЗІНІҢ ЖҮРЕК ҚАЛҒАН САЛАСЫ БОЙЫНША ҚІЗМЕТ АТҚАРМАҚ. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ СЫРЫМ АУДАНЫ АРАЛТӨБЕ АУЫЛЫНЫҢ АРУЫН БҮЛ КҮНДЕ АТСҮЙЕР ҚАУЫМ ЖАҚСЫ ТАНИДЫ. АТБЕГІ АРУДЫ АТСӘЙІСТЕР ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТТЕП, ПІКІРІМЕН САНАСАДЫ. ДИПЛОМ ТАПСЫРУДЫҢ САЛТАНАТТЫ РӘСІМІ ҚАРСАҢДАҒЫ ҚАРБАЛАСҚА ҚАРАМАСТАН, ӘЙГЕРІМ УАҚЫТ ТАУЫП, БІЗГЕ СҰХБАТ БЕРДІ.

Жас qazaq: Атка мінуді төрт жасыннан бастапсың. Асау үйретуді де әкең өзіне тапсырады екен. Аға-інілерің бар ма?

Әйгерім Ғұмарова: Өзімнен үлкен ағам бар, ол да бала кезінде атқа мініп өскен. Мені де әкем аттың бауырында

Әйгерім ҒҰМАРОВА, атбегі:

АРҒЫМАҚ БАПТАУ – НАҒЫЗ АТБЕГІЛІК

өсірді. 11 жасымнан бәйгеге қосылдым. Аралтөбе ауылында өзім құралпы ер балалар көршілердің асау тайларын бастықтырып, үйретіп беретін. Соларға ілесе жүріп, атқа мінуге қызығушылығым одан бетер арта түсті. Бір күні әкем өзіміздің үйіздегі асау тайды құрықтап ұстады да, «мін» деді. «Егер осыдан жығылсаң, атқа мүлдем жакындамайсың» деп бұйырды. Мені қамшылаған осы сөзі екен ғой, бағыма орай, тай қанша туласа да, жалына жабысып түспей қойдым. Содан бастап менің де ауыл арасында асау үйрететін қайсарлығым тарай басталды. Кей кісілердің үйіріндегі бесті айғырларын да мініп, жуасытып бердім.

Жас qazaq: Бесті айғырды ауыздықтадым дейсін бе, жығылып, мертігіп қаламын-ау деп қорықпайсың ба?

Әйгерім Ғұмарова: Жок, ондай қорқыныш бойымды билеген емес. Тек ең алғаш асауға мінгенде аздап жүрексіңдім, одан кейін қорқынышымды жеңе алатын болдым. Әкемнің қамшылау сөзі қолдап, үрейімді сейілттіп жібереді. Бағыма қарай, қанша асауға міндім, аттан құламадым, Ат сүрініп, бірге жығылғаным болмаса, тақымым босап ауып қалған емеспін.

Жас qazaq: Бүгінде Әйгерімді ауылдастары малдәрігері ретінде де біледі екен. Әсіресе, аяқтан кеткен жылқы малын емдеп, жаракатын жазуға көп көмегің тиеді деп естідік.

Әйгерім Ғұмарова: Қызылордалық Айдар есімді малдәрігерінің тәлімін алып, аяқтан қалатын аттың ем-домын жасауды үйрендім. Бәйге аттары көбіне атшабардың алаңы жайлы болмағандықтан аяғын алдырып алады. Ойлы-қырлы, тасты-тастақты жерде шапқан жылқының сіңірі созылып, тіпті кейде жіліншегі морт сынып кетеді. Жылқы малында сосын зәр жүрмей қалатын ауру жиі кездеседі. Соны да емдеп жазып беремін. Терісі жырылып, сырылған жаракатты да емдеймін.

Жас qazaq: Жалпы бәйгеден қанша рет жүлделі болдың, автокөлік ұттың ба?

Әйгерім Ғұмарова: Автокөлік ұтпадым, бірақ жүлде қоры қомақты. Аламан бәйгеде бірінші келіп, қаржылай сыйақы алдым. Алған бәйгемнің саны нақты қанша екенін есептеп көрмеймін. Алланың бұйыртқан жүлдесін олжаладық.

Жас qazaq: Ана деген қашанда баласының амандығы үшін жанын беруге даяр тұрады. Сенің де анаң бәйгеге барамын дегеніне алғашында қарсы болыпты. Мүмкін аты сүрініп жығылса, жаракат алады деп уайымдағандықтан да қарсы болған шығар?

Әйгерім Ғұмарова: Ол да мүмкін, о баста қарсы болып, жібергісі келмеді. Бірақ мен қашып кетіп, бәйгеге шаптым. Білмеймін, атқа деген ерекше ынтықтық тартып тұрғандікі ме, жоқ балалық тентектік пе, әйтеуір, анамның жібергісі келмегеніне қарамастан, аламанға қатыстым. Одан кейін қарсы болмайтын болды. Қайта батасын беріп, шығарып салып, үйде тақымын қысып, тілеуімді тілеп отырады.

Жас qazaq: Бүгінде бойжеттің, бәйгеге шабулды қойып, ат баптау әдісін меңгеріп жүрсің. Жалпы бізде мынадай қасаң түсінік бар. Шетелден

айтар едім. Бірақ қазір бұрынғыдай емес, өз еліміздегі қолтума жылқыларды жаратып, бәйгеге қосуға қызығатындар да осыған бет бұрып жатыр. Атбегілік — үлкен өнер. Сосын жүйкеніз жүк көлігі жаншып кетердей болса да, шыдас беретін төзімділікті талап етеді. Өкінішке қарай, бізде еріншектік, жалқаулық басым. Тұлпар болар құлынды тауып, тай кезінен баптап бәйге атына айналдырамын дегенінше, бірнеше жыл өтеді, жүйкең қаншама тозады. Ал мұндайға шыдай алмайтындар шетелден дайын жүйрікті сатып алып, тезірек бәйгелі болғысы келеді.

Жас qazaq: Айнамақоз деген арғымағың бар екен, бәйгеге қосып жүрсің бе?

Әйгерім Ғұмарова: Иә, биыл көктемнен бері екі рет қосып, сынап көрдік, бірінші бәйгесінде 6-орын алды, екіншісінде үшінші болып жетті. Шабандоз бала да бәйгеге бірінші рет шапқандықтан, Айнамақоздың жылдамдығын үдетпей тізгінді тартып ұстап, алдыңғы лектегілерді ұзатып алды да жете алмады. Топқа да үйренісе алмай үркеттеп жүгірді. Екінші жолы шабандоз баланың да бойы үйреніп, екеуі бірін-бірі түсінісіп жоспарды толық орынады. Бізде қазір құнан бәйгенің қашықтығы тым қысқа ғана. Оны да сырттан әкелетін

аттардың ұшқырлығын есептеп соған сай жүйелеп өлшеп-пішіп қойған. Ал біздің қолтума жылқылардың қолтығы сөгіліп, жауырыны жіпсіп, екінші тынысы кешірек ашылады. Сондықтан да қысқа қашықтықта бабына ене алмай жүлдесіз қалып жатыр. Мүмкін келешекте ат спортының басшылары бұл мәселені де ескерер. Айнамақозді алты айлық құлын кезінде Ақтөбе облысынан тандап, сатып алған едік. Енді күзге дейін демалтып, еркіне жібереміз. Келесі жылы айғырға қосып, тұқым алсақ, содан кейін ғана қайтадан баптап, аламанға қосамыз.

Жас qazaq: Құрбыларыңның арасында атқа қызығатындар бар ма?

Әйгерім Ғұмарова: Гүлсезім деген құрбым жылқы жануары туралы зерттеп, деректер



қаны басқа, тұрқы бөлек, тұқымы жат жылқыларды сатып алып, бәйгеге қосуды атбегілік деп түсінетін болдык. Қолтума деп атап жүрміз, өзіміздің жергілікті жылқыны баптап, сәйгүлікке айналдыруға болмай ма, сырттан арғымақ сатып алғанша?

Әйгерім Ғұмарова: Неге болмасын, әбден болады ғой. Сөзіңізді

құптаймын, кейде «бәлен деген бай 100 мың долларға ат сатып әкеліпті» деген дақпыртты естігенде, қайран ақшамыздың сыртқа кетіп жатқанына қарным ашады. Рас, таза қанды дейміз, ағылшын, араб, акалтеке жылқылары тыз етпе, жылдамдығы ұшқыр келеді. Сөз жок, тұрпаты та бөлек, көз тартатын тұлпарлар. Бірақ олардың біздің жерімізге жерсінуді, үйренісуді өте қиын. Сирақтары нәзік келеді де, бір-екі бәйгеге жүгірткен соң аяқтан кетіп, саптан шығып қалады. Мен де сырттан сәйгүлік сатып алғанша, сол ақшаға өзіміздің қолтума құлындарды баптап, бәйге аттарын даярлауды құптаймын. Одан бұрын былтырғы пандемияның кесірінен шетелдегі жылқы бағасы аспандап кетті. Шет мемлекеттен әкеліп, бәйгеге қосатындарды атбегі, «атсейіс» деп әспеттеп жатады. Меніңше, атбегі деп құлын кезінен жүйрік болар жылқыны деп танып, баптап, қатарға қосатын, қандай қиындық болса да қайыспай көтеретін адамдарды



жинап, ақпараттарды біліп жүреді. Әлеуметтік желіде арнайы парақша да жүргізіп, ойларын бөлісіп тұрады. Орал қаласында Динара деген қызбен жақында таныстық, ол да жылқы малына жақын екен. Осындай арулар бар. Аламан бәйгеге барғанда басқа өңірдің де бұрымды атбегілерін көріп қаламыз. Соған қарағанда қыз баланың да Қамбар ата түлігіне деген қызығушылығы артып келе жатқан сияқты. Атка міну — денсаулыққа пайдалы. Біз ақша беріп жасататын массаж бар ғой, соның табиғи түрін атқа мінгенде аласың. Он екі мұшениң бәрі де қимылға келеді, сіңірің созылады, қатып қалған бұлшық еттерің босайды. Сондықтан атқа міну керек. Замандастарыма да осыны ескерткім келеді.

Сұхбаттасқан Мәди БЕЙСЕБЕК,
оқушы, Алматы қаласы

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен ҚӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2266; Бағасы келісім бойынша Апталық таралым — 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясының ұшақтарында бар.</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VP00020470 күзлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	---	--	---